

Уахит
ТЕМІРБЕКОВ



БІР ӨЛІП,
Бір тірілдім

Уахит
ТЕМІРБЕКОВ

БІР ӨЛІМ,
Бір тірілдім



“АУДАРМА” БАСПАСЫ
АСТАНА – 2004

ББК 84 Каз 7-5
Т 33

Темірбеков Уахит.

Т 33 Бір өліп, бір тірілдім. *Өлеңдер жинағы.*
Құрастырған Ғалым Қадірәліұлы
Астана: Аударма, 2004. – 160 бет.

ISBN 9965-18-101-2

Қызылжар өңіріне есімі кеңінен танымал, айтыскер ақын Уахит Әбжанұлы Темірбековтың шығармалар жинағы тұңғыш рет жарық көріп отыр. Кітапқа ақынның өлеңдері, поэмалары мен айтыс өлеңдерінен үзінділер енді.

Ақынның қуғын-сүргінге ұшыраған ауыр жылдарда шығарған жырларын да осы жинақтан оқи аласыздар.

38983

Т $\frac{4702250202 - 114}{00(05) - 04}$

012 ББК 84 Каз 7-5

ISBN 9965-18-101-2 © Темірбеков У., 2004

Северо-Кавказ © "Аударма" баспасы, 2004

областной библиотеки

им. С. М. Кирова

г. Петрозаводск

Әкемдей болған аяулы жездем, арқалы ақын Уахит Темірбековтың артында қалған мұрасын ұрпақ көдесіне жарар деген үмітпен оқырмандарға ұсындым.

Балдызы Тасбай СИММБАЕВ.

АЙТЫСКЕР АҚЫН

Уахит Әбжанұлының дүниеге келіп, ер жеткен кездері халыққа нәубет, қасірет, қайғы әкелген заманға түспа-түс келді. Революция, соғыс, аштық, кәмпескелеу, еріксіз ұжымдастыру сияқты тарихи нәубет науқандары Уахитты да, оның әкесі Әбжанды да айналып өтпеді. Білімді, сауатты, көзі ашық адамдардың отқа алдымен түсетіндігі анық.

Барлық қайғыны, қасіретті арқалап, тағдырдың салғанына көніп, төзіп шыққан Уәкеңді нағыз батыр адам дер едім.

Енді ақынның өмір жолына тоқтала кетейік. Уахит Әбжанұлы Темірбеков 1904 жылы Петропавл округіне қарасты № 12 Қуандық ауылында туған, бұл жерді қазақтар “Бөрілі” деп атайды. Ол жөнінде Уәкең былай дейді:

Қырық бес жыл бұрын осы жерде,
Бөріліде қоныс етіп, тұрған елде.
Келіпін жарық көріп дүниеге,
Біледі осы жайды таныс пенде.

Бұрын бұл жер Шал ақын ауданындағы Сухоробовка ауылдық округіне қарасты Неждановка селосы мен Шортай ауылының маңы еді. Қазіргі кезде

Шортай да, Қуандық та жоқ, тек жүртының орыны ғана жатыр. Бірақ жер аты “Бөрілі” ел ауызында әлі күнге дейін сақталып қалған.

Әкесі Әбжан Темірбекұлы білімдар, сауатты адам болыпты, молдалық құрған, ауыл старшыны, одан кейін уездік жер басқармасына мүше болған. Кеңес үкіметі тұсында ол алашордашылар жағында болды, Қытай агенттеріне қосылып үкіметті құлату ниетінде болды деп айып тағылып айдалады, қамауға алынады. Сол кеткеннен мол кетіп, хабар-ошарсыз жоқ болады. Осы күнге дейін ол кісі қандай күйде болғаны, қайда кеткені белгісіз.

Уахит Әбжанұлы жас кезінде молдадан сауатын ашып, кейін жеті жылдық білім алады. Покровкадағы (Ақжар) ауылшаруашылығы техникумын бітіріп, арнаулы орта білімді тәмамдайды (1926 ж.). Жиырмасыншы жылдардың ортасында кулактарға қарсы күреседі, байлардың мал-мүліктерін кәмпескелеуге қатысады. Әуелі (1924 ж.) комсомол қатарына отіп, аудандық жастар одағы басшыларының бірі болады. Одан кейін партия қатарына өтеді.

1927-28 жылдары Айыртау аудандық милиция бөлімінің бастығы болып қызмет атқарады. Әкесі Әбжан ұсталғаннан кейін іле-шала 1930 жылы Уахит та “халық жауы” деген жаламен ұсталып, түрмеге жабылады. Жалғыз-ақ кінә: “алашордашының баласы болғандығы”. Сойтін, тағдырдың тәлкегіне түсіп 18 жыл айдауда, қамауда жүріп 1948 жылы ғана босап шығады. Айдауда, түрмеде

болған жерлері: “Беломор канал”, “Колыма”, “Карлаг” (Қараганды) лагерлері еді.

1989 жылы Уахит Әбжанұлы заңсыз қуғындалғандардың қатарына ілігіп, ақталады. Ақталғандардың тізімі “Ленинское знамя” газетінде (10.01.92 ж.) жарияланды. Уәкең өзінің ес білген, жсалындаған жігітшілік шағының, оның жартысын түрмеде өткізіп, 43-тен асқан уақытта ғана елге оралды. Көп кешікпей Шәрбан апайға үйленіп, балалы-шагалы болады. Бір ұлы, екі қызы бар. Бұл күндері Шәрбан апай 90-нан асып, немере, шөбере коріп балаларының қызыгына батып отыр.

Уәкең келісімен кеңес шаруашылығына араласып, ұжымдық шаруашылықта, орман шаруашылығында қызмет атқарды. Дегенмен ежелден олең жазуға машықтанған ол бұл өнерден, бұл талаптан айрылмайды, жалғастыра түседі. Сойтіп, бұдан былай ақындар айтысына қатысып ел құрметіне бөленді. Баспа беттерінде көптеген олеңдері жарияланды. Уахит Әбжанұлы 1982 ж. 77 жасында фани дүниеден өтті. Артында өшпес із қалдырды, облыстың белгілі айтыскер ақыны болды.

Ақынның шығармашылығы жсайында сөз етсек, алдымен оның озіне сөз берейік. Ол былай дейді: “Әдебиетті сүйген адамның қойын дәптеріне түртініп жазып жүретін әдеті бар. Әр шақта жазған олеңдерім бар еді, соларды өңдеп, жинаққа ұсынбақпын. “Сауытпай жалшы”, “Өмір құрбандары” атты екі поэманы тәмамдадым. Бүгінгі бар жұмысым – соларды сарыла өңдеу, түзеу, достар

талқысына салып тағы қарау, сонан соң барып баспаға ұсынбақпын. Тұңғыш дүниені өбден таралтып, толғап ұсынған дұрыс қой..”.

Иә, адамның бар арманы өзі бастаған істі тындырып, соның нәтижесін көру. Ал, адам гүмыры “қамшының сабындай ғана” деген бар. Бастаған істі тындыру, оның нәтижесін көру деген салыстырмалы құбылыс. Дүниенің түбіне жету деген ешқашан болған емес тарихта, ол мүмкін де емес. Енді бір сөзінде Уәкең алдағы мақсаттарын да айтып кеткен:

“Халық ортасы көркем сөздің не бір қазынасына бай емес пе. Бір мақсатым — жалықпай ел аузынан шешендік, көркемдік сөз үлгілерін жинау. Қазір жиырма шақты сондай үлгі қолымда, тек сұрыптау қажеттігі тұр. Әйтеуір халық көдесіне ұқсатып, жай отырмасам деймін” — деп айтқаны бар (“Ленин туы” газеті, 1967 жыл).

Уахит Әбжанұлы өлең жазумен ерте айналысқан адам. Саналы өмірінің біразы айдауда, түрмеде өткен. Ақындық шабыты тар қапаста да келген шығар. Тоқсаннан асқан Шәрбан апамызбен кездесіп біз мән-жайды айттық: “Алда Уәкеңнің 100 жылдығы келе жатыр, біз “Асыл мұра” орталығының мүшелері ол кісінің соңғы шығармашылығымен ғана таныспыз. Газет беттеріне шыққан өлеңдерін, қолжазбаларын жинадық. Саналы өмірінің жартысы — жігітшілік кезі қамауда өтіпті. Сол кездегі еңбектерінен бейхабармыз” — дедік.

Сонда Шәрбан апай сырты қызыл қатырмалы дәптерді бізге ұсынып: — “осыны ешкімге

көрсетпедім. Сұрағандар болып еді. Бірақ ешкімге бермедім. Уахиттың тапсырмасы солай еді” - деп қойын дәптерді қолымызға берді.

Уәкеңнің өз қолымен жазған көнерген қолжазбаны қарап отырсақ, қуғын-сүргінге ұшыраған жылдары жазылған өлеңдері осы дәптердің ішінде екен. Қорқып қалған жүрек бұл дәптерді кезінде ашуға ұлықсат берменгі, тек өзінің бәйбішесіне тапсырып тастап кеткен. Сол кейбір өлеңдерін осы кітапқа енгізіп отырмыз. Олар түрмедегі шығарған: “Айдауда”, “Бір өліп, бір тірілдім”, “Тіршілік жалғасты сол қапаста” тағы да сол сияқты өлеңдері.

Кейін, елге оралғаннан бергі өлеңдері газет беттеріне шығып, немесе қолжазба түрінде қалған. Солардың ішінде ақындық, еңбек, тың өлке, еңбек озаттары, жер, отан, әртүрлі арнау өлеңдері басылып, жарық көрген (1960-1980 жылдар аралығы). Өлеңдерінің бәрі бірдей бөйге шап емес, ішінде олқысы да бар, татымдысы да бар. Әрине, бұл заңды құбылыс.

Уәкеңнің орта жастан асқаннан кейінгі бір қыры — ел арасына таралып айтыскер ақын атанды, кезінде жұлдегер де болды. Ол ән айтып, домбыра шерткен адам емес. Айтыс кезінде жазылған өлеңдерін орындайтын екінші кісі болады, бұл адам өзінің туысы, кейін талай айтыстарға қатысқан Баян Темірбекова болатын.

Уахит Әбжанұлының айтыстағы әріптестері және тұстас замандастары — облыстың халық ақындары Игібай Әлібаев, Ахметжан Нұртазин,

Самархан Жұмадиев, Теміргали Қасенов, Зияда Сәрсенбаев, Әйтім Бекжанов, Әшім Меңдібаев т.б. еді. Сол кездегі дәстүр бойынша әр айтыскер әр аудан атынан шығатын. Ал Уахит ағамыз Бескөл ауданының ақыны болды. Бұл кітапта Уахиттың Теміргалимен, Зиядамен, Ахметжанмен, Әшіммен айтыстарын ықшамырақ етіп беріп отырмыз. Өлең – жырларымен шашу шашқан, сөз інжуін теріп, дүйім жұртты аузына қаратқан өнер иелері – ақындар, алдыңғы толқын ағалар артына үлкен із қалдырды.

Сондай-ақ Уәкең поэзияның көлемді түрі – поэмалар жазумен де әуестенген. Оның “Байназар” және “Жаңбырлы түнде” атты поэмаларынан осы кітапта үзінділер беріп отырмыз. Әрине, Уахит Темірбеков өз заманының жыршы-ақыны Ленинді, партияны, Октябрьді, 5 жылдықтарды жырлады. Ол үшін ақынды ешкім де кіналай қоймас, кеміте де алмайды.

Осы ұсынылып отырған кітап балалары, туыстары, құрастырушылар атынан ақынға қойылған ескерткіш деп түсінген жөн.

Уахит ағамыз жөніндегі өз пікірімді, өз естелігімді осы жерде айта кетейін. Өйткені ол кісінің жерлестігі мен ағайыншылығын айтпаған күннің өзінде, аздап қызметтес, аралас – құралас болғандығымыз бар.

Уахит ақсақалды алғаш кездестіруім алпысыншы жылдардың орта кезі, дәлірек айтқанда 1965 жылдың жазы болатын. Орманшы болып қызмет атқарып, зейнеткерлікке дайындалып жүрген кезі

екен. Бескөл (қазіргі Қызылжар) ауданы Петропавлға ең жақын, қаланы қоршай орналасқан аудан. Уәкеңнің тұрағы осы ауданның Ивановка деген шағын селосы, ол қаладан 30 шақырым қашықтықтағы табиғаты тамаша сұлу Есілдің жарқабағына орналасқан. Бұл селода 20 шақты үй ғана болатын, кейін одан да азайып, қалғандары бұл күнде саяжайға айналып кетті. Дәл осы селодан 500 метр жерде жазық алаң, кішкене жазық алқа бар. Есілдің ирелеңдеп келген жиегінде табиғаттың өзі жасаған гажайып алқасы бұл. Осы алқада қаладағы қазақ, орыс мектеп-интернаттарының "Еңбек және тынығу" лагерлері жайғасқан. Уәкең зейнеткерлікке жақындаған шағында осы екі лагердің күзетшісі болып орналасты.

Уахит жанұясы азынаулақ мал ұстады, жаз бие сауды. Шәрбан жеңгейдің қымызы тамаша тәтті, балдай болушы еді. Жазғы лагерь маусымы ашылғанда қайыңға қақталған сүр ет пен тәтті қымызды алғаш осы үйден татушы едік.

Уакең орта бойлы, көзі көк, ақсары, қою мұртты адам болатын. Сырт бейнесінен байсалды сабырлылықты байқайсың, ал кездесе кеткенде баламен балаша, үлкенмен үлкенше сөйлеседі, әзіл-қалжыңы араласқанда ақжарқын ашық адам екенін байқайсың. Дауыс көтеруді білмейтін биязы жан. Біз – жастар ол кезде сабырлылық жасап, ақсақалды көбірек тыңдаушы едік. Өйткені ол кісі көпті көрген, ескіліктен сыр шерте білетін білгір, шешен адам еді. Сондықтан болар, бұл үйдің қонағы көп, дастарханы да жиналмайтын. Ол үйге ақын-

дар, әншілер, журналистер, мәдениет қызметкерлері жиі-жиі келіп тұратын. “Ленин туы” газетінің редакциясы, оның сол кездегі редакторы Уап Рахымжанов, мектеп-интернаттың ұжымы, оның директоры Ғалым Хамзин т.б. тұрақты қонақтары еді. Әр маусымның мұғалім-тәрбиешілері мен интернат оқушылары Уәкеңмен тығыз байланыста болды, оның әңгімесін тыңдап, ақыл-кеңесін алды.

Лагердің ашылу және жабылу салтанатында Уәкең сөз сөйлеп, өзінің шығарған өлеңдерімен құттықтайды, жастарға жақсы демалыс, сапалы еңбек тілейді. Ақынның сыртпен байланысы да үзілген жоқ. Сырт деп отырғанымыз орталық, облыстық баспа ұжымдары. Алпысыншы жылдары “Тың өлкесі” газетімен, жетпісінші жылдары “Ленин туы” газетімен тығыз байланыста болып, өзінің шығармаларын газет беттерінде жариялатып отырды.

1961 жылы Сәбит Мұқановпен хат алысып, өзінің шығармашылық еңбегін шығару жөнінде ақыл-кеңес сұрайды. Әрине, кезінде Сәбең де ақыл кеңесін беріпті. Өкінішке орай осы күнге дейін Уахит ағаның қалдырған мұрасы мол болса да, бір жинақтың сәті түспепті.

Тасбай СИМАМБАЕВ,
Ғалым ҚАДІРӘЛІ.

I. АҚЫНДЫҚ ЖАЙЫНДА

ӨЗІМЕ

Қиялым өлең жазсаң өндіре жаз,
Түйдектетіп сөз нөсерін тондіре жаз.
Еңбектің алуан түрін толғай біліп,
Шын ақын екеніңді сендіре жаз.

Өлең жаз, өлең жазсаң желдіре жаз,
Ұйқасын көркем сөзбен келтіре жаз.
Маскүнем, еңбек сүймес адамдарды,
Орнынан тұрмастай ғып өлтіре жаз.

Өлең жаз, өлең жазсаң серпіле жаз,
Қиыннан қисынын тауып желпіне жаз.
Ауыр-ау өзімді-өзім қайрасам да,
Сөз табу халқымызға болғандай мәз.

* * *

Есімде қалған кейбір ерте күнгі,
Ақыл, ой, парасатқа келте күнгі.
Жинаймын еңбегімді құрастырып,
Айнадай елестетіп әр мінімді.

Міндер көп ол күн түгіл осы күнде,
“Мін көп” деп тастау қиын оны мүлде.
Жасқанбай-ақ тәуекел еттім, міне.
Алармын кейде сөгіс, кейде жұлде.

АҚЫН

“Ақын” деген жынды-ғой,
Жынды болмай, болмайды.
Жүз жерден жын соқса да,
Құнды болмай қоймайды.

АДАМ

Адам көп сөзге құлақ салмайтұғын,
Надан көп, бірақ ұға алмайтұғын.
Көзі соқыр, кеудесінде сәулесі жоқ,
Жақсы сөз мыйына да бармайтұғын.

Бұзақы неше түрлі тентектер бар,
Жазықсыз көрінгенді қандайтұғын.
Хайуан, мал сияқты бастықтар көп,
Адамды арамменен парлайтұғын.

ӨЛЕҢ

Өлең майда жақсына жандай сүйген,
Жамандыққа түкситіп қабақ түйген.
Майдаға, майда тілді маймаңдатпай,
Жүрдім-бардым айтқанға іші күйген.

Өлең нәзік кемдікті ұнатпайды,
Түрпайы, одағайды жолатпайды.
Жамау-жасқау кіргізбей деп бастырса,
Ол саған өмірлік боп тұрақтайды.

Олең тентек кетсе егер ашуланып,
Жонсіздікті тастайды бұзып-жарып.
Жалын ғой ол кеудемсоқ, кері ауызға,
Кеткенін білмей қалад күйіп-жанып.

Батырлық, батылдығы күшті оларға,
Жүрегін аспанға атад жұлып алып.
Осындай мінезі үшін мен олеңге,
Жүремін өмір бойы құмарланып.

* * *

Олеңнің бабын табу өте қиын,
Үнемі жүрер жері ұлы жиын.
Келтіріп кестелерін токи білсе,
Шеберліктің аласың құрмет-сыйын.

Олеңде мінездер көп толып жатқан,
Қызықты көркемдігі таңыркатқан.
Атақ, даңқ, байлық, бақыт бәрі өзінде,
Бабын тапсаң аспанға дабыл қаққан.

Олең жаздым азырақ елге арнап,
Мен епсізбін сөйлеуге сөзді барлап.
Келістіріп жаздым деп мақтанбаймын,
Кемшілігін сыншылар байқар әлі-ақ.

II. ҚАПАСТАҒЫ ҚОЙЫН ДӘПТЕРДЕН

ТЕГІМ

Ел-жерім, таусылмайтын аққан бұлақ,
Атығай, Қарауыл мен Керей, Уақ.
Баласы төрт момынның деп атайды,
Арқаның солтүстігін еткен тұрақ.

Айтылған төрт момынның бір ұрпағы,
Ішінде Атығайдың Бәйімбетпін.
Баласы мен Әбжанның атым Уахит,
Боламыз немересі Темірбектің.

Көкшетау, Қызылжардай туған жерден,
Бұл күнде дәм ауысып кеттім жырақ.
Көп жерді бұл сапарда араладым,
Болған соң тағдыр жолы ұзағырақ.

Ауыр жол жүремін деп ұзап кеттім,
Сол жолда айтарлықтай азап шектім.
Сәлемім ел шетіне жете ме деп,
Өлеңмен сөз тізбегін түйдектеттім.

1943 жыл.

АЙДАУДА

Шынында, менің өзім тегін емен,
Кейде ат, кейде өгіз боп жегілемін.
Он сегіз жыл есебін толтыруға,
Бір он жыл кейін қарай шегінемін.

Жыл еді мың тоғыз жүз отызыншы,
Ол кезде болды әр кім жалған тілші.
Қисындап өтірікті ағызғанда,
Алдында төрелердің нағыз сыншы.

Қызметім ол кездегі райкомкомсомол,
Жастарға сілтеп жүрмін үлгілі жол.
“Бек” деген өтірікші көзі алақтап,
Пәле жауып қағазға қойыпты қол.

Өзіңдей пәлеқордан серік тапқан,
Аяққа мықтап түсті темір қақпан,
Наһақтан күйдіріпті адалдарды.
Жаламен отырғызды адамдарды.

Бес жылды ГПУ-ы бере салды,
Беламор-каналына айдап барды.
Өйтіп-бүйтіп төрт жылда босап шығып,
Ақырында аман-сау елге оралдық.

Қалмады ру жігі, бақ-бақастық,
Есекең, Биекеңмен етті қастық.
Бұлар да өп-өтірік пәле жауып,
(Осымен бастапқы он жыл тәмәм болып)
Сегіз жыл сергелдеңге аяқ басты.

БІР ӨЛІП, БІР ТІРІЛДІМ

Градус елу алты болған сонда,
Таймырдың соғып тұрған жел ызғары.
Жүргенде қиын қыстау ұзақ жолда,
Тар есік, тар босаға темір торда.

Келгелі бұл араға төртінші жыл,
Жөйімді түгел айтсам бір талай жыр.
Кездескенім мұншама ауыр жағдай,
Оған қоса Гитлерің корсетіп қыр.

43-ші жыл еді 20-шы қазан айы:
Сол күні тау басынан тас құлатып,
Суықтан қалғандар бар мүлде қатып,
Солардың қатарына кіре жаздап,
Денені суық алды қалшылдатып.

Қалыппын бір уақытта есім ауып,
Бола ма есі ауғанға өлім хауып.
Аяққа арқан байлап сүйретіпті,
Жігіттер кезекпенен ауық-ауық.

Лагерге екі шақырым алып келген,
Түрімді келгеннен соң дәрігер корген.
Олгендерді уақытша тастайтұғын,
Сарайға алып бар деп әмір берген.

ТҮРКІМЕН БАЛА ЖІГІТ ДӘРІГЕРГЕ

- Жағдайың келмей ме мұны емдеуге?
Жаны бар кеудесінде тірі жатыр,
Қызық па кісі өлімі ол сендерге?
Сіз мұны кіргізіңіз емханаға,
Кісі өлсе ол сендерге тамаша ма?
Апару тірі адамды суық жерге,
Сіздердей дәрігерге жараса ма?
Жігітке дәрігер сонда ақырады,
Қамаймын өзінді – деп бақырады.
Жігітім зыр жүгіріп, тауып алып,
Сол жердің ең бастығын шақырады,
Жігітпен еріп бірге бастық келіп,
Өлгісі келмей жатқан мені көріп.
Қамапты дәрігерді сол суыққа,
Байқа – деп, жақсы болса өзін де өліп.
Шақырып әкеліпті басқа дәрігер,
Жасапты емге дәру нелер, нелер.
Жатыппын дәл он сағат ессіз болып,
Содан соң мезгіл жетті жарық көрер.
Ес кірді, Түрікмен жігіт қасымда отыр,
Дәрігер дауа жасап басымда отыр.
Былаудай екі козі жігітімнің
Кездесіп қала ма деп ажал ақыр.
Әскерлік соңғы дәрігер ол капитан,
Емдеген отан ұлын талай мың сан.
Соғыста дәрігер болып жүргенінде,
Жаралы еткен екен сол бір майдан.
Бастапқы дәрігер жатып екі сағат,

38983

Содан соң тұтқын үйге қойған қамап,
Өкінді Түркімен жігіт сол арада,
Шіркін-ай алмадым – деп сабап-сабап.
О, ғажап сүйрелгенде екі шақырым,
Үсініп – қабынбапты біздей бақырын.
(Мінекей, содан бері 34 жыл).
Жер басып келемін де ақырын-ақырын.
Сол күннен бастап жаздым елге сәлем,
Дәм сөнбей, өлгім келмей өлі келем.
Алам – деп жаныңды келсе өзрейіл, өзім – берем.

ТІРШЛІК ЖАЛҒАСТЫ СОЛ ҚАПАСТА

Тынықтым екі аптадай содан кейін,
Жұмысқа шығуыма болдым бейім.
Жарты вагон тас арту міндетіміз,
Норма толық бітірсек кешке дейін.

Суықтық бүгіндағы қырық алты,
Орындау нормамызды жұмыс салты.
Суыққа әнеугідей ұрынбасқа,
Уакеңнің басқаланды енді қалпы.

Жұмысты тез меңгердім, әрі билеп,
Тез толтырып қол арба, әрі сүйреп.
Денем қызды, жұмыс та икемделді,
Көңіл бір сәт жадырап, әрі терлеп.

Үшінші площадқа даярланды,
Менде жоқ бүгінгі күн аяр жанды.
Ақырғы қол арбаны құлатқанда,
Бір бастығым жаныма келе қалды.

Жүр – деді киініп ал, меніменен,
Сөзім бар сөйлесетін сеніменен.
Апарып кеңсесіне отырғызды,
Сұрайды бұл начальник нені менен?

Отырмын, әлі отырмын қарсы алдында,
Бір кезде ұйқым келіп тамсандым да.
Гражданин начальник мен неге отырмын?
Қымсынбай осылайша деп қалдым да.

Сол кезде кнопканы қалды басып,
Бір әйел кіріп келді есік ашып.
- Апарып бұл кісіні тамақтандыр,
Деді де шықты өзі де жылдамдатып.

Отырмын, әлі отырмын қайта келіп,
Менімен сөйлеспейді көңіл бөліп.
Басқанда кнопканы тағы да бір,
- Ұйықтасын мына кісі, апар – деді.
- Көңілі жайлы болсын жатар жері.

Жылы сөз начальниктен естіген соң,
Жал – жақсы көңілдендім, босап денем.
Көрмеген бұдан бұрын жылы лебіз,
Қапаста да көтерілер бір күн еңсең.

Кеш жетті, жұмыс тоқтап гудок болды,
Жұмыстан босады жұрт оңды-солды.
- Гражданин начальник – дегенімде,
Ұсынды түрегеліп маған қолын.

- Спасибо дорогой Темирбеков,
Қалған жоқ жұмысыңнан есең кетіп.
Ішінде, екі сағат төрт норманы,
Жан аямай бітірдің екпіндетіп.

Бірақ сен жұмыс қылдың жеңіл киіп,
Тұрғандай бұл суықта денең күйіп.
Осындай сырт көйлекпен істей берсең,
Түбінде өлмейсің бе суық тиіп.

Сол күннен мақтау алдым әжептәуір,
Бірлесіп еңбектестер болдық бауыр.
Жаз шыға 44-тің жаз айында,
Кездесті қиындықтар тағы да ауыр.

Бір пәле – іш ауру деген шықты,
Осыдан осалданды талай мықты.
Мақтау алған батырды ауру жеңіп,
Батыл жұмыс істеуден қаймығыпты.

Жылдан артық бұл ауру азаптады,
Суықта енді істе – деп мазақтады.
Жалқаулықты жандай дос көретіндер,
Басқа түгіл табалап қазақ-тағы.

Соғыс бітті, біз шықтық кейін беттеп,
Этаппен ел жағына кірдік шеттеп.
Қызылжар вокзалында Есіл суын,
Шөлдеген соң сусындап іштім ептеп.

Шіркін-ай туған жердің суы қандай,
Көрінді жұтқанымда дәмі балдай.
Әп-сәтте рахаттандым “сусын” қанып,
Маңдай тершіп, тыныстап, жібіп таңдай.

Осы ішкен су біздерге шипа болып,
Вагонда Қызылжарда жаттық қонып.
Құтылып “дизентерия” ауруынан,
Құр атқа мінгендей-ақ көңіл толып.

Бет алдық Қарағанды лагеріне,
Тапсырып алдағы істі тәңіріге.
Алланың жазғанына көніп келдік,
Көгерміз жаңа лагерь өмірін де.

Әйтсе де “күн кесілген” атымыз бар,
“Кілт астында” делінген салтымыз бар.
Тойынған соң мінезде оғаш-оғаш,
Шығаратын кей кезде қалпымыз бар.

Сыртында қара құлып, қоршау мықты,
Қарасаң іші-сырты бірдей сұқты.
Жайланып жүре алмайсың іші де тар,
Сүп-суық сырттан көрсең түсі де ызғар.

48-дің тамызы аяғында,
Жапырақ түсіп, алтын күз таянғанда,
Ақ түйенің қарыны жарылып, босап шықтым,
Түс көріп, шырт ұйқыдан оянғандай.

III. ЕҢБЕК ТОЛҒАУЛАРЫ

ӨСІП ЖАТЫР ЕЛІМІЗ

Сағат санап, күн санап.
Өсіп жатыр еліміз.
Жылдан жылға ұласып,
Тың игерген жеріміз.
Береке біткен мал жанға,
Қалың орман ну шұбар,
Өзеніміз, көліміз.
Ойнақтап шыққан құлын, тай
Бұзау, торпақ, қошақай,
Жыпырлаған көп торай,
Мың-мыңдаған төліміз.
Епкінді аяқ алыспен
Жаңа заман орнату —
Баратұғын жөніміз.
Шындық жолы әлемнің,
Еңбек сүйгіш бар елдің,
Отанымның нұсқауы,
Айтамыз жалғыз соны біз.
Сүт дариясы шалқыған,
Тонналап төккен еттерім,
Техника күші молайып,
Тынымсыз еңбек еткенім.
Көктемде өскен көгімнен,
Тізілген қатар шөбімнен,
Толқындай толқып құлпырып,
Үйілді таулар егіннен.

Ысырап болмай бірде бір,
Қоймаларға төгілген,
Еңбекте әйел-ерлердің,
Сапалы берген ісінен,
Тәжірибесі көрінген,
Күтеді халық көп үміт.
Келешек барлық өмірден,
Сол үміт пен сол тілек,
Еңбек сүйгіш еліме,
Айтады алғыс шын жүрек.
Еңбеккер әйел-еріме,
Жұмыс өнбек, іс бітпек,
Істесе еңбек беріле.
Уәде берік, сенім мол,
Өрлеу, шығу-серпін сол,
Өсіп жатыр еліміз.

1962 жыл.

КӨКТЕМ ЖЫРЫ

Құтты болсын, әлеумет,
Бастаушы көктем егісін.
Өссін, мол ғып себіңдер,
Қауым халық жемісін.
Тракторды гүрілдет,
Үдете түс желісін.
Жүз жиырма пұт гектардан,
Өнім алу — келісім!
Бұл науқан бір мереке,

Бұл науқанда береке.
Еңбек сүйгіш ел үшін!
Жайнаған жазық біздің тың,
Жұмсалсын тыңға еңбек шын.
Орісіміз кеңісін!
Жүгерінің жұғымды,
(Арналы өнім бүгінгі), -
Сүрлемі дұрыс берілсін,
Соқа, сайман дұрыс па?
Қалмасын қағыс бұрышта.
Бәрі де көзге көрінсін!
Айтуға үгіт хақым бар.
Сол сөзімді шындайтын,
Құлақ асып күндайтын,
Отанымсың, елімсің.
Көктемгі қызу жарыстың,
Алайық алдан жеңісін!

1963 жыл.

АСА ЖАҚСЫ КӨРЕМІН ЖЫЛҚЫ МАЛЫН

Қазақ халқы ежелден жылқы сүйген,
Жүйріктерді сәйгүлік баптай мінген.
“Ер қанаты—жақсы ат” деп текке айтпаған,
Қандай жақсы жылқыны сақтай білген.
Қамыс құлақ жануар, әсем көркің,
Талай қиын жүріске күшің еркін.
Жүйіткіп бір жөнелсең дем береді,
Аяндасаң, түсердей ұшып боркін.

Көріп өстім жылқының талай түрін,
Оны ойласам төгілер олең-жырым.
Бөкен желіс, майда жал, жүйрік, жорға,
Жүрісі-жел, сүті-бал, еті-шырын.
Аса жақсы, көремін жылқы малын,
Оның санын көбейту – бас ұраным.
Бесжылдықта бел-қырға жылқы толса,
Мақсатынан шыққаным отанымның.

1966 жыл.

ТЫҢ ӨЛКЕМ

Тың өлкем — астық бөккен асыл өлкем,
Көкорай көк майсалы жасыл өлкем.
Тың өлкем — дән даласы, дән қаласы,
Содан да сенің, тіпті, тасың көркем.
“Тың” деген есім берді жерімізге,
“Тың” деген есім берді елімізге.
Диқандар — миллионер, миллионер,
Бір емес, бірнеше Еңбек Еріміз де!
Солар ғой сары даланы дүркіреткен,
Жыл сайын миллиардты мүмкін еткен...
Даңқты диқандарым жүз жасаңдар,
Даңқты жиырма жылда тың түлеткен!

1974 жыл.

* * *

Қараса көз тоймайды келбетіңе,
Па, шіркін, жаз дидарың қандай көркем!
Жерімнің алқасындай қызыл бидай,
Маңынан кеткің келмес көңіл қимай.
Жайнаған көз тұндырып жүгері бар,
Жайқалған жас гүлдерге сала мен сай.
Далама қуат берген, өрендерім,
Сендер ғой бел тұтатын шын сенерім.
Сендерден екпінді күш көрген сайын,
Менің де өркендейді ой-жігерім.

1979 жыл.

ЖЫР АРҚАУЫ – АЛТЫН ДӘН

Жыр арқауы — алтын дән,
Алтын дән қымбат алтыннан!
Айналам да толғанам,
Диқан болған халқымнан.
Ұранымыз — миллиард,
Жаңылмаймын шартымнан.
Далам дөнге тұнып тұр,
Диқандар жүр шарқ үрған.
Жыр арқауы — алтын дән,
Мен жырлаудан тартынбан.
Диқан, дала — дастаным,
Айнымаспын салтымнан.
Диқандарым тұрғанда,

Менде — бақыт, менде — сән!
Абырой-атақ әперген,
Айналайын, алтын дән!

ЖАЛТЫР ЕЛІНДЕ

Жалтырды жалтыратпай, жарқыратам,
Озендей сөз нөсерін сарқыратам.
Еңбектің өрендерін тізбектемей,
Мен неге-неге ғана қарап жатам.

Шындығы — кеше бұл ел бұйығы еді,
Алды-арты оралымсыз түйық еді.
Мысалы жүрдім-бардым сияқты бір,
Жұмысы қою емес, сұйық еді.

Ішінде соңғы он жылдың алға баса,
Бастады шын еңбекке араласа.
Мал басы, құрылысы, егін жәйі,
Ғажайып кеткен өніп таң-тамаша.

Басшылық отанымның арқасында,
Ел ості, елу жылдың қырқасында.
Жетілді аспанға орлеп, құлаш сермеп,
Халық отыр күле қарап, қыр басында.

Марьевка совхозы, Жалтыр елі,
Астықтың миллиард пүт жүлдегері.
Сауған сүт дариядай тасқын болып,
Мал семіз, өніп жатыр еңбектері.

Еңбектің қайыры, Мансұр командирі,
Еңбекте ертелі-кеш, ой жігері,
Не түрлі машинаның тілін білген,
Ғариф карт техниканың бір шебері.

Басшылық әр бөлімде жас пен кәрі,
Жұмыстың бар жағдайын бастап бөрі.
Токтарбай, Өндіріс пен Қажығали,
Еңбекті орлетуде ниет-зары.

Айдарқан, Қафиз, Шұғайып істерінде,
Кәнігі тәжірибе күштеріне
Отанның тапсырмасын тағайындап,
Алады әр уақытта естеріне.

Ауданның Темірғали депутаты,
Еңбекте өрендердің бұл озаты.
Отанның игілігін көксеуменен,
Қол күші, маңдай термен шыққан аты.

Тракторшы Аманов Өкенді айтсам,
Нұралиев Қайролланы алға тартсам.
Тұяқов Кәкім, Байкиев Қайыргелді,
Ықыласты да қоса айтып қосарлатсам.

Еңбекте осылармен өсіп оркен,
Не түрлі қызу істер жүріп көркем.
Алқайдаров Ақаттай озаттармен,
Байсақалов Сәбит, Бекішев және Мөркен.

Топ жылқы, көп сәйгүлік, кекіл қаққан,
Есқақ пен Молдашқа бұлар мақтан.
Жылқының бастаушысы біз боламыз,
Дегендей көк бие жүр қоңырау таққан.

Клуб пен модениет сарайының,
Көркінде коркемдік бар маңайының.
Түсіріп колеңкесін қасында тұр,
Мектептен ұрандатып бір ағайын.

Жастарда жарқын бейне жәйдарылық,
Туларын босатпауға ойлары нық.
Еңбекте ертеңгі бес, кешкі сегіз,
Жұмыстан кеш қайтады, ерте шығып.

Түзелген шаруалардың әл-ауқаты,
Қаз-қатар ақ шатырлы үй салтанаты.

Үй-іші сәнді жасау, радиосы бар,
Газет, журнал, кітаптар саты-саты.

Мен арнап шықпасам да бұл сапарға,
Корген соң көңіл болдім осыларға.
Ескертіп кетерлік бір жағдайлар бар,
Игібай, Ахметжан, Ғалымдарға.

* * *

Белсеніп бір талапқа отыр халық,
Алдағы жаз зор іске дайындалып.
Ұлы Отан соғысында қаза тапқан,
Ерлерге ескерткіш сап, есіне алып.

Бекітіп жоғарғы орын бұл талапты
Отыр ел дайын болып жан-жақты.
Мырамыр тасқа жазып ер аттарын
Бекішев Хакім оны дайындатты.

Дайындап жұлдызын да жарқыратып
Қоймақшы жеті метр жалтыратып.
Сағымы сәулеленбек күндік жерден,
Тұрғандай күні шығып, таңы атып.

Соғыстан жетпіс жігіт оралмаған,
Ескерткіш қойылмақшы міне соған,
Осы ғой ауыз бірлік дегеніңіз,
Игі іске үлес қосып болған қоғам.

Полковник Бекішевтің бастамасы,
Сүйікті оның бұл ел астанасы.
Алғыс айтып отыр халықтары,
Үлкен-кіші, кәрісі, жас баласы.

Істері көп тағайынды, тиынақты,
Жұмыстар бітіп жатыр жан-жақты.
Сіздерде партком-Есен, местком-Маркс,
Демеңдер атымызды ұмыт қапты.

Сендердің партком, местком жолың нығыз,
Ежелден байланысың өте тығыз.
Жолдарын отанымның нық ұстасаң
Қалыспай сондарыңнан барамыз біз.

Сендерсің бәріміздің бақылаушымыз,
Сендерсің жамандықтан сақтаушымыз.
Маскүнем, жүрдім-бардым жалқауларды,
Сендерсің, езіп-жаншып таптаушымыз.

Сендерсің бізді шұғыл қорғаушымыз,
Сендер сақшы қырағы торлаушымыз.
Біздерміз нәтижелі жеміс күтіп,
Астына қанатыңның орнаушымыз.

Сөздерім тегісінен халық тілі,
Халықтың сәтті еңбек тілейтіні.
Қоғамға ізгі мақсат жету үшін,
Ынта жігер, талпыныс күндіз-түні.

* * *

Бар шығар кемшілігім толықпаған,
Кей жерде әдемі сөз жолықпаған.
Көпшілік ортаңызға ұсынамын.
Байқандар сіздер де ұстаз болып маған.

IV. ОТАН, ТУҒАН ЖЕР ЖАЙЫНДА

ТУҒАН ЖЕР – АЛТЫН БЕСІК

Күн отті, айлар өтті, жылдар отті,
Бұл тұрмыс ойға қырға делбеңдетті.
Кетіп ем бала күнде мен елімнен,
Әр кімдер десіп жүр ғой шал боп кепті.

Қиындық, көрген тұрмыс шеккен азап,
Әжім сап бет ауызға, көп жүдетті.
Жастағы қадам басып, 40-тан асып,
Бейнетпен қатарласып күңіреңтті.

Айрылып тағы туған бауырымнан,
Бұл бейнет араласып түпке жетті.
Жау шығып “Гитлер” деген бір жағынан.
Бұл фашист көрсетті ғой кереметті.

Елдегі қыршын бойдақ азаматтар,
Мүз тосеп, бұлт жамылып сапар шекті,
Кордім мен де талай, кормегенді,
Аралап қайттым алыс қиыр шетті.

Кең алқа, Борлық, Есіл өзендерді.
Көрген соң көңіл шіркін көңілденді,
Ой, қайрат, сана-сезім, шабыт келді.
Көргенде көп қуандым сүйген қолді,
Бірі емес бәрі ыстық көз тартады.
Жерлері Бәйімбет пен Құдайберді,
Қозғайын ой толқынын әрлі-берлі.

Мінекей! Ел, жерімді бүгін көріп,
Сөйлеуге бір азырақ көңіл бөліп.
Қиялға бір азырақ ерік бердім,
Көрген соң жер, суымды көңілім еріп.

Елімде еркін өскен бауырласым,
Замандас, туыс, жақын ауылдасым.
Алыста бәріңді ойлап, ойға шомып,
Зардабы сағыныштың болды басым.

Қалуым енді жөн бе мен үндемей,
Неге айтпан туған жерді “Елім” демей.
Елімнің ортасына келгеннен соң,
Тұра ма шіркін көмей бүлкілдемей.

Ежелден шұрайы мол, жері асыл,
Орбіген асыл жерде елім асыл.
Ұштасқан талай өзен Есілменен.
Бұл жерде өсіп өнген ерім асыл.

Суы асыл, шөбі асыл, егін асыл,
Мал асыл, кездескен соң тегін асыл.
Туғанда майдың айы жер көктеніп,
Жайқалған түрлі гүлдер қызыл-жасыл.

Іштегі алтын сандық аузы ашылды,
Ашылмай көптен жатқан еді мүлкім.
Тот басып көмескіген жері болса,
Ел жұртым елестету сенің еркің.

Уа, менің жалпы жұртым, ауылдарым,
Замандас, туыс менің бауырларым.
Көрген соң ауылымның адамдарын,
Ағытып іштің сырын дауылдадым.

Елдегі қадірлескен ағаларым,
Көтеріп, қайда жүрсем бағаладым,
Сіздердей ағалардың арқасында,
Іргесін жалпы елімнің жағаладым.

Тағы да әжелер мен аталарым,
Қарындас, жеңгелер мен апаларым.
Інілер-жас жеткіншек бөріңізді,
Тізілтіп сөз ішіне қатарладым.

Есілдің өрлей біткен өрім жалы,
Ішіне мейірі қанып өрген малы.
Мөз болған масайрасып жастар үні,
Мөз болған табиғатқа қарт, жастары.

Түрлі күс сайрайды екен қосып әнін.
Сылқылдап қыз-бозбала түзеп сәнін.
Аспаннан бұлттар келіп, нұрын төгіп,
Өсіріп өсімдіктің шыққан дәнін.

Құстардың күзетшісі сияқтанып,
Қызғыш жүр қиқу салып, суды бағып.
Сүйікімді күдіретін айтып қақсап,
Ұшып жүр таукүдірет зулап ағып.

Осындай Көкшетаудың сексен көлі,
Олар да табиғаттың заңын бағып.
Кокше мен Сырымбеттің асқар белі,
Алыстан көзді тартып мұнарланып.

* * *

Ақын, батыр, шешенді елдерім бар,
Түріндей жасыл кілем жерлерім бар.
Балығы тайдай тулап, ойнақ салған,
Сексен емес, мың сексен көлдерім бар,

Суы бал, көк Есілдей өзенім бар,
Өмірде талмайтұғын өзегім бар.
Бұл жерде тудымдағы, өстім әлі,
Тамаша кең байтақ өз елім бар.

Ішінен сол көп елдің, туған жердің,
Аймағына сөзімнен орын бердім.
Адамзат, жан жануар, табиғатқа,
Еске алып өтуіме көңіл бөлдім.

Тотығып өлең жазбай көптен бері,
Қаламды ойнақтаттым өрлі-берлі,
Өрледім, өрлей шаптым тыным таппай
Денемнің алынсын деп ащы тері.

Өтіп түр жасымыз қырықтан асып,
Ілгері қарап, жылжып аяқ басып.
Зор бейнет алдыма кеп құшақ жәйді,
Анадан туғаннан-ақ козімді ашып.

Басымды тау мен тасқа қатар соғып,
 Омірмен араластық жан таласып,
 Кәрілік келіп қапты ақырында,
 Байланды аяқ-қолым қарабасып.

Он сегіз жыл, сегіз ай шетте жүрдім,
 Шашылған су менен нан, тұзды тердім.
 Үлкен кіші, көрі жас, еркек әйел,
 Иіліп кішілікпен сәлем бердім.

БАҚЫТТЫМЫН

Боленіп Ұлы Отаным шаттық нұрға,
 Жайнаған, жадыраған ой мен қырда.
 Кенеліп ен байлыққа Қазақстан,
 Табыспен толды бүгін 40 жылға.
 Орлеген өнерлі елдің қыз бен ұлы,
 Заманның жауқазындай бейне гүлі.
 Қарт көңіл қуанышпен тасқындайды,
 Кеудеден ағытылар мөлдір жыры.
 Тың өлкем, астықты өлкем — мерейім,
 Алқаптарды — мұхиттарға теңейін.
 Байлығы асқан, дәулеті тасқан елім бар,
 Қалайша мен бақыттымын демейін.

ЗАМАН ҮНІ

Бейбітшілік — ұлы өмірдің оркені,
 Дүниенің нұр сипаты, көркемі.
 Бейбіт қатар өмір сүру — зор парыз
 Бақытпенен қарсы алуға ертеңді.

Бақыт нұрын жырлайды ел шаттанып,
Компартия ұрандары жатталып.
Ленин аты барлық тілде, бар елде
Келешектің тартты өріне аттанып.

Бақыт, Теңдік — халықтардың тілегі,
Бейбітшілік деп соғады жүрегі.
Ұлы Ленин ілімдері әлемде,
Келер шақтың — замандардың тірегі.

Достықпенен ізгі жүрек елжіреп,
Туысқандық туы тұрса желбіреп.
Бейбіт қатар өмір сүріп халықтар.
Жер шарында соғыс өртін сөндірмек.

1966 жыл.

АЛТЫН АЙМАҚ

Есілдің арғы беті, бергі беті...
Осылай жырлайтұғын келді реті.
Туған жер мәртебесін биіктету —
Ақынның және әрбір ер міндеті.

Туған жер деген шешілді ойым,
Коз көрім қашықтарға көсілді ойым.
Ардақты атамекен атау алып, -
Жайлаған жыл он екі ай Есіл бойын.

Солтүстік Қазақстан – өлкем менің,
Қарасаң көз сүрінер көркем, керім.
Шау тартқан мынау шақта шаттанамын,
Күн сайын көремін де көркейгенін...

Есілдің өне бойы – батпан байлық,
Жетеді жерді тұтас жапқандайлық.
Тынымсыз тер төгеді еңбеккерлер, –
Бейне бір алтын қазып жатқандай ғып.

Осылар – мыңғырған ел малын баққан;
Осылар – кең даланың шамын жаққан.
Осылар еселеген біздің байлық,
Есілдің суындай мол ағып жатқан.

Өлкемнің көркі бірден байқалады;
Әнекей, Тың теңізі шайқалады.
Балығы тайдай тулап шолпылдайды.
Айнала жасыл желек жайқалады.

Бұл өлке ақ қайындар аймағындай,
Шуылдап ән салады айлап, жылдай.
Ормандар – жанға сая, малға пана,
Ақ бұлты уыз сүттің қаймағындай.

Елімнің игі жақсы адамдары,
Баршаға аян, таныс маған бәрі.
Бақытқа бастап барған ол жандардың
Қашаннан құтты болған қадамдары.

Бұл өлке – Изтолин мен Сәбит елі,
Бұл өлке - Сүтішев пен Ғабит елі,
Ел үшін туған жандар толып жатыр...
Баяндап айта берсе тағы, тегі.

Шаталов тәрізді өжет сұңқар да бар,
Ерлігі ел біткенді іңкәр қылар.
Сұрағанов секілді диқандарым
Трактор, комбайнды тұлпар қылар.

Осы сәт өлкемнің халқын ойлап,
Мен тұрмын жүрегімде толқын ойнап.
Зор болсын болашағың бұдан да асқан,
Солтүстік Қазақстан – алтын аймақ.

1973 жыл.

МАҚТАНАМЫН

Мұндайда шабыт неге шалқымасын,
Қырандай неге аспанға калқымасын.
Елімнің еңбегін қуат тұтып,
Қуанып жүрек неге балқымасын.

Мақтанам еңбек сүйгіш елім бар деп,
Еңбекті ұластырар ерім бар деп.
Тау табыс ордасы, бақ орнаған,
Мақтанам құт дарыған жерім бар деп.

Мақтанам көк Есілдей өзеніме,
Қалың орман, сай сала өзегіме.
Қалайша мақтанбаймын айтыңдаршы,
Қарт жүректің сүйініші ол өз еліне.

1974 жыл.

ӘН ШЫРҚАЛАР ОСЫНДАЙДА

Қазақстан, гүлстан —
Елу қырдан асқан ел.
Зорлық пенен қорлықты
Аяғына басқан ел.
Әділдік, бақыт, теңдіктің,
Алтын кілтін ашқан ел,
Әділдіктің шыңына,
Құтты қадам басқан ел.
Білімнің жолын кең ашып,
Елімнің орен жүйрігін,
Бәйгеге баптап қосқан ел.
Кеңістігіне космостың,
Тұңғыш жолды ашқан ел.
Озып шығып әлемнен,
Айға қадам басқан ел.
Күлімдеп жүзі құлпырып,
Күнге қарай асқан ел.
Бақытстан-гүлстан!
Әлемнен даңқы асқан ел.

* * *

Егінім өрім талдай өсіп қатар,
Басында қарыс сүйем масағы бар.
Қарасаң көз тоймайтын көркемдігі,
Сүйсініп тұрарлықтай тарқап құмар.

Курбатов, Шварцтай Еңбек Ері, -
Жарыстың бесжылдықта жүлдегері.
Жемісті жеңістерін ұластырған,
Майталман ұлы еңбектің өрендері.

Ким, Вагнер екі рет орден алған,
Орындарын бұл күні төрден алған.
Өскелең Ұлы Отанның жеңісі үшін,
Айнымай еңбек еткен сара жолдан.

Шаршинина құрметті атақ алған,
Әйгілі Алтын кітапта аты қалған.
Гүлденген республика депутаты,
Ел сенімін әрқашан ақтай алған.

Топ жарып, топтан озған сауыншылар,
Дедер ер, тәжірибелі Ландондар бар.
Абдрахманова, Мальцева, Бутакова,
Ақ сүттен ақ дария берген бұлар.

Механигім Михаил Завьялов, -
Техника тілін білген нағыз алып.
Мұқашев Қабидендей бақташым бар,
Жүреді өңірінде жұлдыз жанып.

Әніммен тақпақтадым табысты айтып,
 Табыспен бесжылдық жарысты айтып.
 Осынау мерекеде мақтанамын,
 Аспандай қолым жеткен табысты айтып.

Ән неге шырқалмасын осындайда,
 Мереке – молшылық қой, тосын жай ма?
 Осы той – ортақ және тарқамас той,
 Кәнекей, баршаң әнге қосылғай да!

1970 жыл.

АСҚАҚТАЙ БЕР, ӨЛЕҢ-ЖЫРЫМ

Асқақта, өлең-жырым, аспанды өрле,
 Аса бер асулардан, құлаш серме,
 Айтшы бір шаттық жүрек тебіренсін,
 Арна сол өлең-жырды еңбеккерге.
 Қиялым, қозға жүрек қуанышын,
 Әрқашан қуанышым – халқым үшін.
 Мақтан етем елімнің бар табысын,
 Әлемге әйгілеген Отан күшін.
 Ой-сана екпіндеп бір қоңілденсе.
 Ешкімнен кем түсуге келіспеймін,
 Тоқтаман жүйткіп жүрек тебіренсе.
 Тоқтаман қиял құсы қалықтаса,
 Қырандай аспанды өрлеп шарықтаса.
 Тогілтпін өлең-жырды түгелімен,
 Жөнелем сәйгүліктей алып қаша.
 Жоқ енді қол қусырып отырмаймын.

Табуға талаптанам сөздерді айдын.
Ақындық санаспайды қарттықпенен,
Қырандай қиялдағы қанат жайдым.
Бұл менің емес босқа мақтан сөзім,
Қарттықта қозғалсын бір жақсы сезім,
Жетпіс бес көктемімнің күйін шертіп,
Шарлаймын өлеңіммен жердің жүзін.

1979 жыл.

ТУҒАН ЖЕР БӨРІЛІДЕ

Қырық бес жыл бұрын осы жерде,
Бөріліде қоныс етіп тұрған елде.
Келіпін жарық көріп дүниеге,
Біледі осы жайды таныс пенде.

Көп жылдарым өтіпті, қайран жастық,
Керуен боп кезіппін белді буып.
Мен бүгін тағы келдім қайта туып,
Жүрген жерге көбелек, сона қуып.

Арғы атам Қуандықтың шаңырағы,
Уахиттың сол шаңыраққа келген шағы.
Иесі үлкен үйдің бұл күндері
Жапажан, сен жұлдызым аспандағы.

Мен Бөрілі мен Мұқырдың тел қозысы,
Сайрандап мекен еткен жазы-қысы
Құрметтеп бәріңізді бауырларым,
Иіліп сәлем бердім үлкен-кіші.

ЖАСТЫҚПЕН ҚОШТАСУ

Көксеумен жиырма бес келмейді енді,
Желігіп көңіл шіркін оңбайды енді,
Жас көксеп, жан таласқан күр даңғазы,
Сол талап қанша ойласам болмайды енді.

Жастар жүр кедергілеп, қосарланып,
Жыл санап, жас қосылып душарланып.
“Аталап” әрбір жерде жігіттер жүр,
Құтылам көріліктен қайда барып.

Жастығы сол жиырма бес бізге бала,
Айрылып біз ол жастан көңіл ада.
Әйелдер отыз-жастың ішіндегі,
Қылмиып келін боп жүр өне, қара.

Бар мұнды ашып айта алмаған соң,
Амалсыз қаламыңды қолға аласың.
Уа, көзім қарайсың да қырындайсың,
Жүрегім қорқа соғып, бұрылмайсың.

Көкірегім ұлғайдың деп сырылдайсың,
Қиялым жиырма бесті еске алсаң да:
Түсесің жүйрік көңіл зор қиялға,
Көлеңдеп көз тартарлар тұрса алда.

Тұрақты бір орында тұра бермей,
Жетпіс жас неге тұзақ салдың енді.
Сып етіп қалай өтті уақыт деген,
Сақал-мұрт бурыл тартып қалдың енді.

Барады созім кетіп талай жаста,
Дейді кейіп “қой, сөзге араласпа”,
Қайтейін кетсе кетсін айтар сөзім,
Желікпе сап-сап етіп, таста-таста.

Жиырма бес бар ма сенің қылмағаның,
Бір жерде жақсы болды тұрмағаның.
Әркімге жексұрын боп кеш батқан соң,
Іргесін талай үйдің тырналадың.

Бір жерде қыз бен жігіт әзілдесе,
Бір-бірін түрткілеп, сөзбен тесе.
Жастықтың әуресі деп бұрмаладың,
Сол істің ерсілігі қалады есте.

Елендеп көңіл шіркін, көз жасаурап,
Дірілдеп тұрғандай боп тоңып жаурап.
Еріксіз еске түсед сол жастық кез,
Отсе де қосарласа шырқап зулап.

Жетпісте өткен істер ерсі болды,
Бір адым сексен шіркін көрші болды.
Көңлім қартаймаймын деседағы,
Қиялым елестетіп, сыншы болды.

Қой көңлім, тоқта енді, кокке орлеме,
Жиырма бес кейін қалды, қол сермеме.
Сермесең серме қолды сексен жаққа,
Үлгілі, өнегелі сөз термеле.

Кел алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан,
Елуде келтірді ғой көрілік нұқсан.
Бәрі де жиырма бесті өксеп өткен,
Біздерден бұрын өткен қаншама жан.

Жастыққа қош айтысып Уахит жазған,
Күн сайын әжім кіріп, өңім азған,
Тәтті өмір, жастық шағым болғаннан соң,
Сол кезді бір ескеріп нағып жазбан.

Шаш, сақал, қырауланып, тозып басым,
Көзге былшық әуес боп, ағып жасым.
Құлақты да азырақ мүкіс шалып,
Келмесін жиырма бестің білдім анық.

НАЛУ

Уа, жоқтық қыр соңымнан қалмай жүрсің,
Баршылық неге осынша шалғай жүрсің.
Қой түгіл, жылқы сояр кезеңімде,
Тірідей көрге тығып мені отырсың.

Қуаныш қырық алтыда көріп тұрған,
Шаттыққа көңілімді бөліп тұрған.
Мінекей жабырқатып сол көңілді,
Жоқшылық үңіліп кеп төніп тұрсың.

Еш адам келмей жатыр не беред деп,
Құр шұлғып қара нанға не керек деп.
Туыстан тым болмаса адам болса,
Келер ед көңіл бөліп, ебелектеп.

Жалғыздық жоқшылықпен қатар келіп,
Мен бүгін ұят күшті тұрмын өліп,
Сондықтан бұл налыған уақиғамды,
Қағазға жазып тұрмын көңіл бөліп.

Ауылдың Жақаң еді ақсақалы,
Кірген жоқ біздің үйге олда әлі.
“Қайырылы болсын” деген сөзін аяп,
Шалқайып дәл торінде жатқандары.

Бөле-алмай түн ұйқысын Егінтай да,
Қорылдап ол жатқалы әлде қайда.
Ұлтуған жеңгей жатыр пеш үстінде,
Құшақтап ол ағайды жақсы жәйда.

Айдарбек олар да жоқ Хапиз бенен,
Дәметіп келсін олар нені менен.
Күзетіп шілдехана мен отырмын,
Сөйлесіп қағаз қалам сеніменен.

Жоқшылық, жалғыздықпен сеніменен,
Отырмын жападан-жалғыз жарыстырып.
Ақырда өтпеген соң адам ермек,
Болды енді қағазбенен, қалам ермек,
“Ермек” деп сол себепті қойдым атын.
Болған соң жаңа туған балам Ермек.

Жалғызбын деп налуым бірақ жерде,
Жарлымын деп налудың мәнісі елде.
Жоқ нәрсеге шыдамай нали қаппын,
Ең алғаш дүниеге үл келгенде.

ЕЛ МЕН ЖЕРГЕ

Еркінде, еркін сайран еткен елім,
Кетпейсің еш уақытта естен елім.
Таусылмас алтын бесік қайнар бұлақ,
Тағдырын таршылықтың шешкен елім.

Қағу жоқ, қалай жүрсем араңызда,
Еркелеп тел құлындай оскен елім.
Уа шіркін Борілі, Мұқы қоныстарым,
Есіл менен, Борлықтай өзендерім.

Ен дала, Ақтас, Қойтас жайлауларым,
Қос Тараңғұл, Жаңасу сүйген көлім.
Майбалық, Алуа мен Жолдыбайым,
Анадай мейірі түсіп иген көлім.

Асқартау, Сырымбет пен Көкшетауым,
Маңайың мал мен жанға берген өнім.
Шоктас “Степняк” жер шұрайы,
Әлемге нәсіп болған шыққан кенің.

Айыртау, Жамантау мен Ақан тауы,
Таркасын есіме алып іштен шерім.
Меңіреу, Түкті маңай, Қалың шұбар,
Еске алам сондағы бір, кезендерім.

Өзеннің суларында балық ойнап,
Коркем тал өрлей біткен өрім-өрім.
Балдай су, уыз қымыз соларды ішіп,
Сайрандап, тарқар екен қашан шөлім.

Қайран ел, қайран жерім ойлап сені,
Ішкенім у, жегенім болды желім.
Алыста, енді ғана білінді ғой,
Ерекше қымбаттығың туған жерім.

Шұрайлы шіркін қайран қоныстарым,
Шығады запырандай іштен зарым.
Дарыған, құт береке: жер мен суым,
Жемей-ақ қызығыңа тойған қарын.

Жыланды, Бұқа менің тауым,
Имантау, Зеренді мен Сандықтауым.
Шортан және Көксеңгір, Тотықүспен,
Торыайғыр туған жерде барлық тауым.

Баласы төрт момынның деп атайды,
Арқаның солтүстігін еткен тұрақ.
Көкшетау, Қызылжардай туған жерден,
Бұл күнде алыстадым, кеттім жырақ.

V. АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІ

ӨКІНІШ

Тоғызыншы майда жұрт сайрандап жүр,
Жеңістің ұлы күнін мейрамдап жүр.
Жауынгерлер жауларды жеңіп келіп,
Мақтанышы заңды-ғой жайрандап жүр.

Өзім барып жаулармен алыспадым,
Қолма-қол қайрат жұмсап шалыспадым.
Ол кезде жаулармен алысудан,
Бетте шіркеу болды да алыстадым.

Ең болмаса інім де оралмады,
Бұл мейрамда қатарда бола алмады.
Жеңіс күнін мақтанып сайрандасам,
Дененің тарқар еді-ау бар арманы.

Мінекей, менде осындай өкініш бар,
Жыр толғасам ойымда серпіліс бар.
Жырымды тоғызыншы майға арнадым,
Өлеңнің тақырыбы іштегі зар.

АПАМА

Апажан емшектесім ет бауырым,
Қайғының көріп жүрсіз сан ауырын.
Жол жүріп, ауыр сапар шеккенімде,
Шығарған жырыменен мұңлы-зарын.

Малкеннен суық хабар келді дедің,
Айрылдың Бексұлтаннан одан бұрын.
Көре алмай сол екі ұлдың қызықтарын,
Қарады-ау осы бізге тағдыр қырын.

Қайғырма апа жаным ұрпағың бар,
Көп жылап, қайғырумен шығарма зар.
Ұрпақтар ғұмырлы боп өсе берсін,
Қасіретің соларменен ұмытылар.

БӨЛЕМЕ

Сөйлетуғын күн келді көңілдене,
Айтшы – айтшылап өлең түр тағы тоне.
Жүрмісін аман-есен күйлі жөйлі,
Қасымжан әрі іні, әрі бөле.

Көптен аңсап ем, бүгін көрдім,
Әдейі көрейін деп іздеп келдім.
Болініп ұзақ жолға, елден кетіп,
Темір құрсау шідерлендім.

Болып-ең ол уақытта сен де бала,
Сен түгіл сенен үлкен мен де бала.
Сен сонда жігіт болдың, мен қартайдым,
Сенбесең бет әлпетке, түрге қара.

Болежан сөйлей берсең кете барам,
Сөз шығар айта берсе тарам-тарам.
Кездесу, сөйлесу арқасы ғой амандықтың,
Сөзімді тоқтатайын осы арадан.

НҮРҒАЛИҒА КӨҢІЛ АЙТУ

Құдаменен құдағи,
Етіскен әр кез құрмет сый.
Арқасында тірліктің,
Аман есен көрістік.
Мың жылдық құда Нұрғали,
Құдалардың ішінде,

Ең сүйікті өзгеше,
Болып еді-ау бір кезде,
Сіздің үй мен біздің үй.
Біраз жылдың ішінде,
Болған талай жаңалық,
Кездескен талай түрлі күй.
Қайырын тілеп қалғанның,
Тәуекелге белді түй.
Өткен – кеткен жандарды,
Түсіріп еске ойласақ,
Шайқалғандай баста мый.
Бұрынғы көрген жандардан,
Көріндің қозға бірінші.
Құдаменен құдағи.
Өткен қайтып келмейді.
Ағызба көзден, жасты тый,
Болған іске болат боп,
Түнермеңіз есті жый.
Қанат пен тұяқ майрылып,
Ойласаң естен тайдырып.
Ұшып кеткен қырандар,
Келер ме қайта қайырылып.
Туған жерде қалғанның,
Қолдан топырақ салғанның,
Окініші болар ма?
Тірі ғайып болғанның,
Құмары қанбай арманның,
Өмірде орны толар ма?
Сол сияқты қайғыға,
Сіздер менен мен де ортақ.

МӘКЕҢЕ

(Мәлік Ыбырайұлына)

Уа, Мәке бірі едіңіз асыл тектің,
Ішінде аты-аталған Бәйімбеттің.
Қапастан шыққан күннен қолым босап,
Он айдың шамасында әрең жеттім.
Әкемнің төл құрдасы әкемдейсің,
Ол күнде біз білдік пе ер қадірін,
Тоқтамай тартқан бетте жүріп кеттім.
Әйтеуір дариядан қырға шықтым,
Малтақтап соңғы кезде зорға шықтым.
Көрерміз жұрттың көрген біз де күнін,
Амандық арқасында денсаулықтың.
Аралап ел жұртымды болдым енді,
Бір талай сайрандадым көріп жерді.
“Шал бойдақ” боп сенделіп жүре бермей,
Үйленіп, үй болуға тура келді.
Үйлендім соныменен үйім болды,
Әл-ауқатым шамалы күйім болды,
Қуанышты көркейту қиын болды.

СЫРЫМБЕТ ТАУЫ

Арасын Есіл менен Сырымбеттің,
Жастық шақ бірсыпыра гүжілдеттің.
Бауырлас Есілімнің сен көршісі,
Сырымбет деме “неге айтпай кеттің”.
Анасы Сырымбетім сенде көптің,

Саулатып ақындардың сырын төктің,
Шал, Тоғжан, Ақан, Ыбрай, Нүркейлердің,
Ән күйін көкке өрлеттің, екпіндеттің.
Шоқандай ақылы дана ер шығардың,
Арасын сайрандаған әрбір шеттің.
Ақсақтай одан да әрі өрлеп өттің,
Иесі сенбе әлде кереметтің.
Жол ашқан ақындыққа талай өрен,
Создердің асылдарын маған төктің.
Әлі де айтылмаған сырың терең,
Жаздың сен көп адамның қайғы дертін.
Жасай бер еңбек сүйгіш туысқандар!
Сырымбет саясында емін еркін.

1961 жыл.

АХМЕТЖАНҒА

Ширек ғасыр орманшы болып маман,
Татымды табыспенен келіп аман.
Ісінен жеміс, жеңіс қатар шығып,
Алпысқа отыр Ақаң басып табан.
Көрсеңіз Ақаң еккен қарағайын,
Қасында қатар өскен бала қайың.
Дала сынды даланың дарқан ұлы,
Ақандай ешкім білмес дала жайын.
Көп жаса Ахметжан жүзден де ас,
Көпсінбеймін жасасаң тағы алпыс жас.
Озің біл одан да әрі барам десең,
Тек қалдыр кейінгіге жыр-күлпытас.

Ақындық дарын қосып дарыныңа,
Бас Біржан, Ақан сері сарыныңа.
Жамбыл, Кенен, Шашубай, Ыбырай мен
Абайға ұқса, халықтың дара ұлына.
Тапқайсың сөздің сұлу көріктісін,
(Айтуға сөз алтынын еріктісін).
“Полковник қызымен”, “Орман” кезіп,
Жүре берме, арала елдің ішін.
Тау шыңындай тұлғалы боп талабың,
Бұрқыратшы әлемнің от боранын.
Серісі боп, сырласы тың даланың,
Мұқалмасын мәңгілік жыр қаламың.
Менің де, көп тілегі де осы сенен,
Сенімнен шығатыныңа кәміл сенем.
Орман сырын тыңдасын кейінгі жас,
Оңаша қалшы енді бір өлеңменен.

1968 жыл.

МУҒАЛІМІМ

(“Ленин туы” газетіне)

“Ленин туым”, он бесімнен серік ең,
Сол жасымнан ақылшым боп келіп ең.
Содан бері өткен екен елу жыл,
Содан бері мен сырласпын сенімен.

Ежелден-ақ ел сенімін ақтадың,
Қайрат, намыс, абыройын сақтадың.
Жатыпшішер жалқауларды жаныштап,
Еңбекқұмар қауымды әмән мақтадың.

Сол үшін де мен сенімен дос болдым,
 Бүгіндер де қарт көңілім хош болды.
 Енді, міне, мерекеңмен құттықтап,
 Қуанышпен ұсынамын қос қолды.

Жаса, газет! Құлпыра бер, түлей бер!
 Шырқау биіктерге самғап үдей бер!
 Мұғалімсің мәртебелі, мерейлі,
 Саған бақыт, ғұмыр тілейді ел.

1970 жыл.

АЛШАҢДАЙ БЕР
 (С. Сауытпековке)

Бұл – ақиқат, ерінбей еңбек еттің,
 Тәжірибенді тамаша көкке орлеттің.
 Бүгін той ғой дүбірлі, қызық-думан,
 Алшаң басып алпысқа келіп жеттің.

Ал енді алпысқа аяқ басқаныңда,
 Шырқашы бір поэзия аспаныңда.
 “Балуанға” сан алуан дастан қосып,
 Ұсыншы еліміздің жастарына.

Баяғыдай әлі де батыл басып,
 Алшандай бер алпыстың асқарыңда!

1968 жыл.

ЗАМАНДАСҚА СЫР

Дүниеде қымбат барма замандастан,
Бірге өскен, біте қайнап өуел бастан.
Жүректің көріскенде жылып қаны,
Турады тел көңілдер айнамастан.

Еске алсақ өткен күнді кешкен бастан,
Көкейде жазылады талай дастан.
Әр талай сауық-сайран күндерді айтып,
Қозғалса көрген қызық бала жастан.

Құйылып сөз нәсері дария болып,
Ағады бір тынбастан, сарқылмастан.
Замандас қандай ыстық ойнап-күлген,
Сырыңды сезіміңе бойлап білген.

Кездесіп, масайрасып отырғанда,
Шау көңіл мұзбалақтай тез түлеген.
Қамыққан, қапаланған көрілікті,
Талқандап тастайтындай ой сілкінген.

Тың ойлар қабындайды қарша борап,
Бойыңа қосылғандай қайрат-жігер.
Көрілік естен шығып кеткендей-ақ,
Аяқтан ағытылып бейне шідер.
Сол сәтте көңіл-толқын жарға соғып,
Сонарға шыққан құстай шабыт келер.

Кезім ғой кәрілікте тамтыраған,
Сөбидей жаңбырға да қалтыраған.
Қаумалап замандастар “жыр жаз” дейді,
Басыма күле қарап жалтыраған.

Сонда да мен байқаймын қарастырып,
Термелеп сөздің басын кұрастырып.
Кей кезде әдетімде болушы еді,
Кететін түйдектетіп, ұластырып.

Иә, сол ұластырып, түйдектетіп,
Тұрғанда шабыт шіркін билеп кетіп.
Мінез бар шыға тартпа жүйріктердей,
Жүйткітіп жөнелетін, сүйреп кетіп.

Тайсалмай тау тұрса да екпіндетіп,
Өлеңге өрлей тартам еркін кетіп.
Ойға – күш, бойға қуат жинап алам,
Диқандай дабылдаған жер түлетіп.

Білсем де кәріліктің сын екенін,
Білсем де мақтанудың мін екенін.
Өмірді ұзартам деп ұлағатпен,
Өлеңмен жағалаймын жыр мекенін.

1978 жыл.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ 60 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ТОЛҒАУ ӨЛЕҢ

Екі той қатар келді тойға ұласып,
Тың далам жиырма беске аяқ басып,
Жайқалып жазық дала, кең жазира,
Тулаған қыр толқыны түр жарасып.

Өзгеше биылғы жыл-табыс жылы,
Шалқыған Отанымда шаттық жыры.
Ер көркін, ерлер көркін, жердің көркін.
Мақтауға қажымайды ақын тілі.

Мақтанам: еңбексүйгіш елім бар деп,
Еңбекті ұластырар ерім бар деп.
Тосінде талай табыс тасқындатқан,
Береке-құт дарыған жерім бар деп.

Мақтанам көк Есілдей өзеніме,
Орманға, сай – салаға, өзегіме.
Мақтанам жайнаған жеріме,
Токпелеп жомарттығын тұрған міне!

Тапсырдық тау-тау астық, тонналап ет,
Ол деген – ұлы еңбектен туған күдірет.
Жоғары көрсеткішке ие болып,
Асыра орындалды алған міндет.

Мереке күнде дұман, күнде қызық,
Қойсын ба біздей қартты отырғызып?!

Жетпіс бес жасты балап жиырма беске,
Қызыққа кіріп кеттім бүйірім қызып.

Түйдекте өлең-жырым, өрле-өрле,
Қалықта, шырқа аспанға, күлаш серме!
Айтшы бір алпыс жылдық жетістікті,
Той-думан мерекеге келгендерге.

Еңбектің майданында тапжылмастан,
Ерлерім мерекеге үлес қосқан.
Ауданым — Бескөлімнің табысы мол,
Тау астық дариясы ол бір дастан.

Екінің бірі — бізде тың ерлері,
Сом білек, серпінді күш-жігерлері.
Байтөсов, Курбатовтай батырларым,
Сөзіне тағайынды сенімдері.

1980 жыл.

ҚОШ БОЛ, ҚОШАН АҒА

Өмірмен ажырасқан ағамыздың,
Хабарын естігенде тұрдым сенбей.
Ұласып бірден бірге суық хабар,
Сөз жетті бойды алып дендей-дендей.

Құрметті, қадыр тұтар Қошан аға,
Барыңда тұрушы еді отым сенбей.
Ай-күндей, жарық сәуле, нұрым едің,
Табылмақ қайдан аға енді сендей.

Сен едің көпке ортақ, ел ағасы,
Қайғырып қоштасады кәрі жасы.
Қатаң ғой ажал деген аямайтын,
Ешқашан да көңілге қарамайтын.

Ортадағы аға еді, ол – бір шынар,
Егілмей бұған жандар қалай шыдар.
Ағамыз арамыздан ғайып болды,
Жақсы адам ол дүниеге де керек шығар.

Аға орны бөлек еді бала жастан,
Атанды ел ағасы әуел бастан.
Тарихын бастан аяқ айтар болсақ,
Бір-екі том боларлық үлкен дастан.

Салмақты да, орнықты, сабырлы еді,
Тұратын бір қалыпта, айнымастан.
Түйінін тоқсан сөздің бірақ шешіп,
Айтқаны орындалмақ тапжылмастан.

Мінезі кішіпейіл, қандай жылы,
Бойдан мін жүретұғын таптырмастан.
Қоштасып өмірменен аға кетті,
Жаманат денесіне жапсырмастан.

Арманым қолдан топырақ сала алмадым,
Хабарды мезгілімен ала-алмадым.
Жағдайдың кезі келген бір сапармен,
Ол кезде Кокше жерін араладым.

Ешқандай қызмет бабы болмаса да,
Елімнің араладым әрбір шетін.
Ел аралап жүргенімде аға кетіп,
Ағадан ада болып қалдым жетім.

АТАЛАРҒА

(Ермектің екі айлығында аталарына айтқаны)

Үлкен үйден шықтым етіп дәме,
Аталарға барамын сәлем бере.
Барғанда Мәкең атам қолына алып,
Бетімнен сүйді мені жақсы коре.

Руы нағашының Керей еді,
Атаңнан алып қайттың нені деді.
Мақтаған әкелерің осы ма деп,
Әкемді әжуалап сөзбен жеді.

Будан кейін Төкеңе сәлем бердім,
Одан да құралақан қайтып келдім.
Барғанымда жылаған сөзін естіп,
Өзім қайта беруге уәделендім.

Енді аталар сөзіме құлақ салшы,
Жалғыз сиыр болса да менен алшы.
Қолда барды аяман мен сіздерден,
Не сұрасаң қағу жоқ, келмен қарсы.

Сойледі деп келмесін көңілге алаң,
Мен нәресте-бесікте алаң-бұлаң.
Ес кіргенде түзермін қате болса,
Аталарға наз айтқан Ермек балаң.

МІНЕЗ

Тұрмыстың көп тауқыметін көзбен көрдім,
Көп жүздім тұнығында айдын-көлдің.
Көп көрдім майда тілдің майталманын,
Көп жүрдім ортасында өскен елдің.
Сонда да ұзақ жолға барып келдім,
Түсінігі бұл сөздің кейін болар,
Талдауға жұрт мінезін көңіл бөлдім.

Адам бар аузы ауыр, ойы толық,
Болмайды ондай жанда жаман қылық.
Аз сөйлеп көп тыңдайды, және талдап,
Болса да үлкенсімей жақсы ұлық.

Азғана сөйлер сөзден мысал беріп,
Тексерсең сол мінезді талдап, теріп.
Мағынасы өте терең, сөз түйінді,
Тоймайсын әр сөзіне көңілің еріп.

Жақсы бар жайдары, сөзі әзіл,
Адамға бойында жоқ тырнақтай зіл.
Шаттанып шаршы топта сөз сөйлесе,
Түп-тура екендей ол жүрекке гүл.

Әркімге қолы да ашық, жолы да ашық,
Бар болса барлығына кетпес тасып.
Әрқашан өзгермейді, бірқалыпта,
Жоқпын деп қалмайды және жасып.

Ашуын ақылымен қойған басып,
Көзінің жұртқа жылы нұрын шашып,
Өзінің сол сияқты мінезімен,
Ол кіммен жүре алмайды араласып.

Ақ көңіл қиянатсыз еш адамға,
Залалсыз адам түгіл хайуанға.
Мұндайлар ортамызда аз кездесер,
Сөйлемес қабақ шытып ешбір жанға.

Аз емес толып жатыр көп жақсылар,
Сөзімді бастау үшін кірді бұлар.
Сөйлейін ұзағырақ жәйсіз жағын,
Көзге айтса бар міндерін дұрыс болар.

Адам бар-ау мінезі, ойы бұзық,
Арамдық дариясында жүрер жүзіп.
Түкситіп қабақ шытып, төмен қарап,
Түнжырап айналаға көзін сүзіп.

Өзінен басқа жанды көреді қас,
Өзінен өзі аяп, ішпейді ас.
Барғанда кісі үйіне қомағай боп,
Дәм көрмей өмір бойы болғандай ащ.

Кейбіреу слеуреген, шешенсіген,
Кеудесін кере сөйлеп мен-менсіген.
Дәуірі күн жарымдық жүре қалса,
Сөз бермей жан адамға көсемсіген.

Мақтаншақ, өтірікші және осекші,
Жүреді жұрттың бәрін текке сынап.
Ондайлар өзін-өзі жақсы коріп,
Бағынса деп ойлайды барлық тарап.

МАКӨШІНДЕГІ ТУЫСТАРҒА

Кіші іні, үлкен аға, бөріңізге,
Ақбасты қартайған көріңізге.
Адасқан мен қоңыр қаз араңыздан,
Лағып кеткен, босыған жапан түзге.

Жүрдім мен он сегіз жыл басқа жүзде,
Оралдым тек дәм бұйырып биыл күзде.
Ниетжан, Байсал, Қалиянұр бауырларым
Арнап кеп сәлем бердім міне, сізге.

Уантай, Байгенже мен Мықтыбайым,
Коз алдымда болдыңдар ылғи дәйім.
Есен, күйлі, жәйлі жүрсіздер ме?
Тірлік болса, жоқтық жоқ, болмас уайым.

Су кешкен етікпенен қиын кезім,
Отіпті он бойымнан үлкен тозім.
Айрылған бауырлардан сендер де бар,
Кобиңнің қайғы-қасірет, ішінде зар.

Жұрт аман, халық тыныш, елім бейбіт,
Япыр-ау мен кеткенде осылай ма еді?
Мен келсем, корінбейді көпшілік жас,
Кіші іні, үлкен аға, құрбы-құрдас.

Бұтасыз, жанымдағы жас қайыңсыз,
Мендағы болып қалыптын жалғыз ағаш.
Қалыпты маңайымда үш қарт қайың,
Бірі күн, бірі жұлдыз, бірі айым.

Тілегім болсын аман осы қарттар,
Қойлыбай, Нұрғали мен Төребайым.
Корген соң сағынышпен туыстарым,
Азғана ағытылды іштен зарым.
Отырған Атығай, Керей осы арада,
Маған шын туыссындар түгел бәрің.

АҒАЛАРДЫҢ ШЫҒАРЫП САЛМАСЫ

Ағалар мен келген соң көп ойланды,
Көтермелеп жебеуді доп ойлады.
Қаражат қалай етсек құралад деп,
Қамымды бауырларым көп ойлады.

Мен жөнінде әркімдер сөз ойлады,
Ниетжан бір қисынды тез ойлады.
Құлақ қағыс әр жерге кеңес айтып,
“Айтта молда қылам” деп сөз байлады.

Алыстан аңсап келгенімде,
Алды ағалар әрқайсы қошаметке.
Ниетжан, Байсал ағай қызмет етіп,
Молда атанып, бөлендім мен құрметке.

Деп мені “молда” атанған соң,
Отырдым садақа алар “өшіретке”.
Тигізбей, жандарына жалғыз тиын,
Ішіне қосты апарып ұлы жиын.
Әркімдер садақа деп ақша берсе,
Айтуым “алда-ақпар” деу болмас қиын.

Ұялғаннан “молда екең” бола салдым,
Қартозды теріс киіп шұлғып тастап.
Қожан ағай ол мені қайдан білсін,
Сөз қосты шын молда деп ол да растап.

Болған соң Құрбан айты сол бір кезде,
Аталып “молда” деген түстім көзге.
Баста қартоз, ауызда папиросым,
Жата ма бұл да молда деген сөзге?

Бір баюға әрине, байып қалдым,
Садақа деп алғанды шыға бере.
Поллитр мен папиросты сатып алдым,
Көптен, мұндай көп ақша қолға түспей.
Әп-әдемі сусындап, қанып қалдым.
Туыстарым болмаса кім берер ед.
Жарып қалдым шіркін-ау, жарып қалдым.

VI. АЙТЫСТАРЫ

1960 жылы Қазақстанның 40 жылдық тойына арналған облыстық ақындар айтысы өтеді. Сол айтыста Уахит Темірбеков (Приешім, бүгінгі Қызылжар ауданы) пен Темірғали Қасенов (Ленин, бүгінгі Есіл ауданы) айтысқан еді. Сол айтыстың мәтінін беріп отырмыз.

ТЕМІРҒАЛИ

Құттықтап Қазақстан 40 жылын,
Арналған мерекеге шықсын жырым.
Елімнің ерлеріне арнап айтқан,
Олеңім әрі шашу, әрі сырым.
Мал баққан, егін салған елім сенсің.
Отанға еңбек еткен ерім сенсің.
Бас қостық ұлы қызық мерекеде,
Достарым дәулет тойын келіп корсің.
Дауысым жерді жарып кокті тесіп,
Олеңім орге орлеп желдей есіп.
Айтайын ауданымның байлықтарын,
Туған ел болған орда алтын бесік.
Айтамын еңбектегі ерлерімді,
Серттерін орындауға ел сенімді.
Отырған ақын бүгін жүздесуге,
Сойлеші көне Уахит сен де еліңді.
Ленин ауданымның аты мәлім,
Бойымды Ленин десем билейді ағын.
Сәнді сөз жүрегімді жарып шығар,

Жырласам ауданымның астық, малын.
Егінім жасыл барқыт желкілдеген,
Коргенде он шырқаймын балқып денем.
Жиям деп күні ертең мол астықты,
Алдында партиямның уәде берем.
Уа халқым, уа партиям, саған антым,
Көтерем коркем жырмен елім даңқын.
Еңбегі егіншінің қымбат қазна,
Лепіріп алға үмтылған басып қарқын.
Приешім бізге корші аудан еді,
Міне отыр мерекеді егіншілері.
Дәл біздей баптамайды егіндерін,
Ақынды окпелетер сол бір жері.
Жолдастар Ординарцев, Болатбаев,
Ауданың оскен екен қанат жайып.
Басшының көргіш, білгіш шебер деген,
Егінді күтпеулері емес лайық.

УАХИТ

Әсем он аспанды орлеп шалқығанда,
Жорғақтап ырғақтаймын талпынам да.
Құрметті тың игерген озаттарым,
Келгенде богеліп мен тартынам ба.
Жүрекке жылы тиіп бойды аралап,
Бір сөзің бір сөзіңнен артылар да.
Теменнің тебетейі дірілдейді,
Міндерін тегіс айтып қамтығанда.
Ауданым биыл аяқтап,
Тынды тегіс игерді.

Батыстан келіп көп жастар,
Қоныс алып үйленді.
Жан баспаған жапан түз,
Тосінде билер биленді.
Сұрғылт тартқан Сарыарқа,
Кілемдей сәнді түрленді.
Кешегі мешеу сар дала,
Зор табысқа жеткізіп.
Коммунистік партия,
Құлпырып бүгін гүлденді.
Көтерді көкке шүйдемді,
Ауданым бар жұмыстан келеді алда.
Сен кейін қалып қойдың бүгін таңда,
Жарыстан қалып қою ұят іс қой.
Жетуге енді ұмтылып әділ қамдал,
Жүз пұттан әр гектардан астық берем.
Ауданым орындайды оған сенем,
Бостандық, Қызылөскер егіндері.
Әнекей, қаулады өсіп алып белең,
Совхоз бен ауданымның колхоздары.
Табысты өрістетіп одан да әрі,
Екпінін дүбірімнің сеземісің.
Байқап та тиісерсін өзің дағы,
Арасы егініңнің ашық қалған.
Арам шөп таптап оны басып қалған,
Совхозы Николаевка, Образцовый.
Сапасыз етіп қалай егін салған.
Шөп жапырақ қурайлар кеткен қаптап,
Соларды піскен кезде қалай шаппақ,
Ауданда мамандарың не бітірді.

Сойлейсің өзінді өзің қалай мақтап,
Колхозың “Советский” жүгері екті.
Білгірсіп үш агроном жүрсе дағы,
Сапасыз салынған соң қайта септі.
Келе ме бұзылған іс өндегенде,
Үш есе тұқым кетті кем дегенде.
Мөлшерден артық тұқым неге ектің,
Ол тұқым не болады өлмегенде.
Тағы да біраз жерді қайта септің,
Әдісін техниканың сыртқа тептің.
Торанғұл, Образцовый, Заградовка,
Өзің де кемшілігің көріп өттің.
Заречный совхозында ұйымдасқан,
Бір түрін жаңалықтың мұнда ашқан.
Еңбектің коммунистік бригадасы,
Іс істеп табыстары алға басқан.
Нұрғайша, Көкенім бар аймағымда,
Тиістің өзің келіп ойдағыма.
Откен жыл үш мың литр сүт сауғандар,
Көнекей кім ілесер шаңдағына.
Шиц пен Шипурная жарты жылда,
Жеткізді сауған сүтті екі мыңға.
Май тамып он саусағы ойнағанда,
Табысы асқақтайды шырқап шыңға.
Озатым Ливяш, Федор баққан сиыр,
От жерге бағылған соң шықты бүйір.
Жарыста малшылардың алды болып,
Келеді үздік шығып Федор биыл.

ТЕМІРФАЛИ

Аты аян Аманкелді совхозында,
Жұмысы кейін қалған жылдан-жылға.
Директор Симоненко кормеді ме,
Сапасыз егін еккен қымбат тыңға.
Лениннің кохозында егін қандай,
Сердюк пен Любых жүр қырға бармай.
Егінін жусан менен шоп қаптаған,
“Первоймай” бастығы жүр одан қалмай.
Артемов председатель “Первомайда”,
Егінін бақыламай жүрген қайда?
Шірітті мындаған пұт бидайларын,
Үш агроном бір колхозға азғантай ма?
Ал бізден барлық адам жеміс күткен,
Озат ет Блезнецов, Гутеевпен.
Бәкенов, Коваленко, Бишков жолдас,
Тамаша сапалы етіп егін еккен.
Даланың падишасы бұл жүгері,
Қадырын жүрегiнiң ел бiледi.
Тағы да жайқалдырып өсіруде,
Ауданның қадырлысы Бычков ері.
Барама бастықтарың комбайнға,
Жүре ме жігіттермен ордайымда.
Елеуіш, дән тазартқыш, машиналар,
Далада жатыр өлі өз жайында.
Қайда жүр агрономың, инженерің,
Ертең-ақ алғындай боп піседі егін.
Конторда қағаз бағып отыр олар,
Мәжікен буып берсін босаң жерін.

Майдағы Мұқатайың кезеп еді,
Отірік тілін кокке безеп еді.
Он бес қой ұрлап сорлы қолға түсті,
Любыхты айдап кетті арақ лебі.
Трактор күзетшісі Құдайберген,
Жоғалтып тракторды нені корген.
Күзетпей үйінде ұйықтап жатса дағы,
Бригадир Есләм жок оны елеген.
Есләм жүр сұрау салып елді ақтап,
Жоғалған “Беларусты” қайдан таппақ.
Тракторы, қойлары жоғалса да,
Далбаса құр сөйлейсің елді мақтап.
Приешім мал басына оте салақ,
Малдан да кейбіреуге қымбат арақ.
Көзіне көпшіліктің салынбастан,
Бетімен есерлерің кетті тарап.
Колхозда Воровской дәулеті асқан,
Мал баққан еңбекші боп бала жастан.
Ионош, Нұрғалиев озат шопан,
Тоқтысы жібек жүнді егіз тапқан.
Жименко, Бондаренко шопандарым,
Ауданда қой бағуға мамандарым.
Жүз қойдан жүз жетпіс бес қозы алған,
Ерім бар Нүрпейісовтей сүйген малын.
Түп түгел шөпке шықты біздің елдер,
Ленин ауданына кім тең келер.
Азығын жыл жарымның өзірлейміз,
Білеміз қылышты қыс зорін тогер.

УАХИТ

Үшінші Интернационал колхозымыз,
Тапсырды мемлекетке малдар семіз.
Бітірді ет жоспарын жарты жылдық,
Сүті бар шалқып жатқан ұшан-теңіз.
Раиса комсомолка айтсам мақтап,
Осірді қырық бұзауды аман сақтап,
Күніне бір килодан салмақ қосып,
Жүреді күндіз-түні күтіп-баптап.
Ежелден мал отары Бекет көлі,
Май шығып түгін тартса оскен төлі.
Он бес жыл тапжылмастан істел келген,
Жапенов Рахмандай қайраткері.
Теміров Құрмет баққан малдар семіз,
Мал баққан бір орында жыл он сегіз.
Есләм, Буркеш, Сенбідей інілерім,
Туғандай бір анадан үшеуі егіз.
Ағыздым көл-көсір ғып сүттен бұлақ,
Жайқалтып жүгеріден көкше құрап.
Сүт аз боп табыстарың шамалы тұр,
Сен жүрсің шаруалардан қарыз сұрап.
Мақтанба малым күйлі керемет деп,
Бұл жонде келе алмайсың маған беттеп.
Мәз болып мәліметке жүрсен дағы,
Жоспарды орындаудан қалдың шеттеп.
Жинаған азаптанып шаруа сүтін,
Кер тартпа Статкеевич деген кісің.
Ашытып іркіт қылып қайтарғанын,
Кірді деп жоспарыңа жүремісің.

Бұл табыс ауданымда жатыр толып,
Қаз-қатар тұрғын үйлер дайын болып.
Балалар бақшасы мен жатақхана,
Көптеген мектептерім, жаңа клуб.

ТЕМІРҒАЛИ

Ленинде Пешков біздің қой басқарды,
Үйретті үлгілі іске көп жастарды.
Жүз қойдан бір жүз сексен қозы алған,
Еліңнен тапшы сондай даңқы асқанды.
Күйбендеп жүр ғой сенің жалқауларың,
Билеп жүр қысты ойламай аңқауларың.
Көрдің бе Аманкелді совхозыңның,
Олақ-салақ былыққан шаршауларың.
Сүріндің кемдігіңнің көріп бәрін,
Төгемін салақтардың беттен арын.
Мал қырған “Новая жизнь” колхозына,
Ақыным ұқсамасын колхоздарың.
Өлтірді қырық бес сиыр, қырық бес қойын,
Болса да бізге қымбат бастыққа ойын,
Өлтіріп жүз он жеті шошқаларды.
Жасапты қарға, құзғын үлкен тойын.
Жайылса шошқаларым салып ойын,
Қараймын масаттанып өсіп бойым.
Қаптаса торайларым жер майысар,
Жоны астау, бұрылмайды майдан мойын.
Естідім жақын арада Коксин батыр,
Малдары қол қамысын таптап жатыр.
Шамданып болмашыға шошқалары,

Дегендей жәбір корді тауық бақыр.
Сәлем де Ғайсиніңе корсін мұны,
Жетпей ме құлағыңа тауық мұны.
Жігіттің ер атағы еңбегінде,
Есіне ол адамдар алсын мұны.
Ақыным күс дегенде қашып жүрсін,
Бес әтеш, бір тауыққа басып жүрсін.
Қырып ап қолыңдағы құстарыңды,
Ақырын амал таппай сасып жүрсін.
Приешім малды біздей баға алмайды,
Ретін мал бағудың таба алмайды.
Көбештің мал қорасын келіп көрші,
Мал орны әрі сайлы, әрі жайлы.
Жолы бар жомарт жарқын жетіжылдық,
Жүрегім сүттей таза, сөзім шындық.
Желісі жеті жылдың жігерлі еңбек,
Әндеткен бүкіл Отан, бүгін жыр ғып.
Күресте күндей аян ерлерім бар,
Қосуға оз үлесін бәрі даяр.
Білекті боз балалар белі бекем,
Заманға махаббаты ер сүйген жар.
Есілдің көз саламын алқасына,
Қайнаған қызулы еңбек арқасына.
Ет, майым, жүн, жұмыртқам есепсіз боп,
Байлықтың мен отырмын ортасында.
Бал тамған бармағынан сауыншылар,
Озендей сүт ағызса көңіл тынар.
Су, сүт, шөбі жұпар ауданымның,
Малына біткен май мен шексіз күнар.
Мақтаңым Шоқаев, Гүлсімдерім,

Сауыншым риза болып күлсін дедім.
Машита, Қаратаева, Шмиттерім,
Жарыста облыстың алған торін.
Келінім, қарындасым, қыздарыммен,
Аспанда жарқыраған жұлдызбен тең.
Оларға тендес адам таба алмаймын,
Ләззотты Халықова мақтасам мен.

УАХИТ

Тым нашар ауданында үй құрылысы,
Онымен басшылардың жоқ жұмысы.
Күн жауса желкесінен су сорғалап,
Кобінің жайсыз екен күй-тұрмысы.
Орталық ауылында шымнан ірге,
Құлаған, коше алмапты жаңа түрге.
Ешкілер тобесінде ойнақ салып,
Ішінде секіріп жүр қара бүрге.
Букатин жан теңгермей жүрсedaғы,
Мынадай жағдайларды көрмей жүр ме?
Келсе де Москвадан тексеруші,
Тығылып жата берген бір түкпірге.
Бастығы сельпоңыздың Бектұрғанов,
Жүрсе де ебелектеп күйіп жанып.
“Құлқынын қарабастың күйттейді” деп,
Шикі нанды жеген жұрт жүр ғой налың.
Ет түссе магазинге ілуде бір,
Бір баға арық, семіз сатылып түр.
Он бес сом стандартты баға десіп,
Онеріп жұрттан солай асырып түр.

Менің көп үлгі аларлық мектептерім,
Жаңа тұрмыс салтына көшкен елім.
Бірақ соның жақсысын көрмепсің ғой,
Аралап жүрсең дағы талай жерін.
Бостандық, Заречный бар Бесколменен,
Мәдениет тұрмысы артық сенен.
Мектеп пен клубтарды ондатуға,
Әлі де серпілмейді сенің денең.
Рубцов көз салмайды аймағына,
Не қылсын әуре болып қайдағыға.
Басшылық құрылыста көрсетпейді,
Кәнекей, адам жайын ойлады ма?
Анохин, Самсонова мұғалімдер,
Көп істе оларда бар қайрат-жігер.
Үгітші, оқытушы Сандыбаев,
Корнекті істері көп үлгі берер.
Фаббасов, Матвеева әннен өрнек,
Салады жүз құбылтып аспанға өрлеп.
Барғанда облыста ән салуға,
Шығарды ән толқынын тұрған кернеп.
Мақтанып талай сөзді екпіндеттің,
Көп мінді бүркей түсіп аттап өттің.
Үш рет сотқа түсіп интернатың,
Отыз мың бес жүз сомға зиян шектің.
Бұлақта қарт ойыны болған кино,
Оларға қоса сауық, арақ, вино.
Соның бәрін істейтін мұғалімдер,
Неліктен байқамайды Еромина.
Тарату газет, журнал ісім алда,
Бұл жонде сіздің тұрмыс нашар халда.

Киноны білмейтін жан толып жатыр,
Бірлік пен Қарабұлақ, Қараталда.
Еңбектің ауылында дәрігер Маша,
Машаның істері бар таң-тамаша.
Адамды емдегеннен тәуір көрер,
Жастармен отыруды үйде оңаша.
Жауыпты Қараталың емханасын,
Не себеп түсінбеймін осы арасын.
Ауданыңда нығайған Ефименко,
Денсаулыққа салмайды көзқарасын.
Қаратай безді тастап семьясын,
Әйелін, зар қақсатып үш баласын.
Мұны көріп арлы жұрт таң қалысты,
Бас шайқап, жерге қойып ішкен асын

ТЕМІРФАЛИ

Атандым халық ақыны ұзақ жылдар,
Жастарың ұзақ болсын үл мен қыздар.
Еңбегің мені күндей жасартады,
Шырқармын өлі дағы талай жылдар.
Кетемін аспанға орлеп қызған сайын,
Қоңілімде сынарлық сөз бәрі дайын.
Ауылымда бала оқытқан мұғалімдер,
Секілді нұрын сепкен күн мен айын.
Бар екен Приешімде кей мұғалім,
Білмейтін жүрер жолын, бағың малын.
Жұмысын үгітшілік, қоғамшылдық,
Тығыпты сандығына жинап бәрін.
Мұғалім Әбіл ұлы Ғалым деген,

Коп жылдар кара бастың қамын жеген.
Оқытып тоғыз бала отыз үш деп,
Гамолин көрмеді оны, айтшы неден?
Жағымпаз бола қалып Гамолинге,
Сиырын асырапты қойып жемге.
Баланы жақсы оқытпай сиыр күткен,
Жұртым-ау мұғалімнің ісі жөн бе?
Жастарым жасап жатыр жаңа қала,
Коркейді құрылыспен байтақ дала.
Бірлесіп орыс, қазақ, украин,
Бір туған балалардай қыз-боз бала.
Әншім бар Ғабдуллина Ләйлім атты,
Бұлбұлдай тыңдаушыны таңырқатты.
Талдырып, тамылжытып салған әнін,
Мәжіліске келген халық өте ұнатты.
Жәменов, Мінәшова ұл мен қызым,
Шалқытты облыста домбыра үнін.
Бахытжан, Рәш, Зәйкен, Әминалар,
Мәдениет сарайында қызыл гүлім.
Ауданым газет алар жан басына,
Сенемін басқадан кем қалмасына.
Приешім ауданының почташысы,
Газетті тыға салар жамбасына.
Сынасам шашыңнан коп сенің жоғың,
Ясли, бақшалардан еш тамтық жоқ.
Түзеусіз мектеп, монша жүрер жолың,
Қоймайсың тартысуды жеңілсең де.
Телефон жоқ, оziң тұрған бөлімшенде,
Екі айда менің жазған хатымды алдың.
Күшті деп байланысым керілсең де!



Уахит пен Шәрбан немерелері Даниярмен бірге.





Айтыскер ақындар: (оңнан солға қарай, бірінші қатарда) Уахит Темірбекөв, Самархан Жұмадиев, Темірғали Қасенов, (екінші қатарда, оңнан солға қарай) Бақыт Мұстафин, Қайкен Баскин, Зейнел-Ғабит Иманбаев, Әли Мусаханов, Мәдет Мұхаметқалиев, Қуат Анафин.

*Қайын ағасы Қабаш
Симамбаев.*



Немересі Бақыт пен қызы Күләш.




Уахит Темірбеков аудандық милиция бөлімінің бастығы. 1930 жыл.



*Уахит
балдыздарының
арасында.*



Немересі Ербол мен шөбересі Жасұлан.



*Уахиттың балдызы - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
Тасбай Сымбаев.*



Қызы Сәбира мен немересі Айнұр.



Бақыт пен Мәулен.



*Тасбай мен Көпей
балалары Ерлан
мен Дананың
үйлену тойында.*



Шәрбан әженің 90 жылдық мерейтойында.

Ойланып бұл сөзіме толғанарсың,
Кемдікті түзетуді қолға аларсың.
Дегенмен сын түзелмей, мін түзелмес.
Сынымды Уахит елге ала барсың.

УАХИТ

Әне, жүр Еңбектегі Базарбайың,
Сондағы білесің бе Рая жайын.
Әкесі үйретіп пе Базарбайға,
Әйелін өзгертсін деп әр ай сайын.
Сатушы Қалиақпар деген кісін,
Дүкенге кірген екен арақ үшін.
Товарын беделдіге тез таратып,
Мас болып отырады бұзып түсін.
Белгілі ғой дұшпанға, досқа жайын,
Кормепсіз кездесе де күн-күн сайын.
Есер, тентек, ел бұзған Біржанды үрған,
Баяғы Азнабайдың поштабайын.
Бірталай кемшілікті талқыластық,
Міндерін көп адамның бетке бастық.
Айтыстың салтыменен аяныспай,
Бүркеген талай сырдың бетін аштық.
Осымен тоқтатамын сөздің артын,
Басылмас қызған сайын біздің қарқын.
Шаруаң күннен күнге алға басып,
Тойыңыз тойға ұлассын келген халқым!

ТОЙ ТАРҚАР

Қымбатты халқым келгенде,
Жүздесіп сәлем бергенде.
Халқымның алтын дидарын,
Шаттанды көңлім көргенде.
Дуылдап қолдар соғылды,
Ақындар сөйлеп желгенде.
Тебірентіп терең сезімді,
Сөз асылын тергенде.
Мейірі қанды достардың,
Келген алуан елден де.
Аялаған алтын күн,
Нұрлана қарап төнгенде.
Асуды асып шың басып,
Аттатып талай белден де.
Мен жырламай кім жырлар,
Бейбіт заман жеңгенде.
Бақытты туған халқымыз,
Жасап мәңгі шалқыңыз.
Ақындардың аузында,
Қарқара болды даңқымыз.
Туысқандық жүрекпен,
Әділет достық тілекпен.
Келіпсіздер қызыққа,
Құтты болсын салтыңыз.
Сақал шашым ағында,
Келемін деп көрілік.
Жағалап жүрген шағында,
Елең кылмай мен мұны.

Жасарып тұрған түрім бар,
Үлгіміз жырдың Жамбылы.
Поэзияның даңғылы,
Беріп кеткен созі бар.
Ошпес мұра артына.
Болмасақ та олардай,
Заманның жайын жырламай,
Қатардан қалу жон емес,
Ілеспей өмір даңқына.

*1961 жылы Уахит пен Темірғалидың тағы
айтысы отеді. Бұл әсерде тек Уахиттың сөз
ғана беріп отырмыз.*

Мақтаным Тың өлкесі құрылғаны,
Тың дегенде үйлесер жыр ырғағы.
Ән шалқып ерлерімді мадақтайды,
Елімнің ойы менен қырындағы.
Мақтаным болмағанды тарихтағы,
Болғызып Гагаринім шарықтады.
Сенімін отанымның ақтап шығып,
Мән-жайды хабарлады алыстағы.
Сүйікті Отанымның мерейі үшін,
Қоп сырын табиғаттың анықтады.
Алты қабат аспанда жерді айналып,
Қорықпады, қажымады, жалықпады.
Зор мақтан алдымызда ұлы шешім,
Шығарар тарихи іс зор кеңесім.
Алдағы елімнің мерекесін,

Табыспен сыйлық тартар көп үлесім.
Мақтаймын ауданымның озаттарын,
Сақтаған ұлы еңбекте ұят-арын.
Топ жарған өрендерді топ алдында,
Атаймын жеке-жеке санап бәрін.
Бескөлдiк Павел Кузнецов,
Онда ешбiр қажу жоқ.
Жiгерленiп жайнайды,
Болса қайта жұмыс көп.
Тракторға тiркеген,
Сепкiш, соқа, тырманы,
Бұрқылдатып жүр сүйреп.
Бұзау күткен отыз жыл,
Михина Анна озатым,
Еңбегiнен өскен гүл.
Жарыста талай озатын,
Бiр мың төрт жүз алпыс бес.
Тол шығарған қолынан,
Жарыстың бiлiп жобасын.
Тәрбиесiн жақсылап,
Таза ұстаған қорасын.
Шаттанамын табысқа,
Табыспен шырқап алысқа.
Еңбектегi ер, әйел,
Түсiп жатыр қалыспай.
Социалистiк жарысқа,
Қалыспайды ауданым.
Ұлы дүбiр шабыста,
Ат саламыз екiпiндегi.
Жарыс деген табысқа,

Қалып қою жатпайды,
Ар-ұят пен намысқа.
Тоқтайын кемшілікке азын-аулақ,
Айтпаса жағдайсыз іс кетер қаулап.
Берейін елестетіп көз алдына,
Еңбектен жүргендерді бас сауғалап.
Бар екен ауданыңда қазан бұзар,
Бір жұтар арақ көрсе қаны қызар.
Маскүнем Ларин Иван дегеніңіз
Трактордың үстінде өнеш созар.
Не ғажап, сіздің елдің ісі қызық,
Радиоң кейде сынық, кейде түзік.
Электрден “Ондіріс”, “Бұлақ” жағы,
Отырған көрінеді күдер үзіп.
Үйінің шымнан салған іргесі бар,
Ішінде қандала мен бүргесі бар.
Ырымға тазалықтан бір нәрсе жоқ,
Құр қалған мәдениеттен сүлдесі бар.
Ауданым әр уақытта тұрған дайын,
Құрметтейді, қошаметтейді барған сайын.
Екі рет аралатты елдеріңді,
“Сол елдің біліп кел” деп жай-жағдайын.
Әр іске даяр біздің аудан іші,
Қарсы алад құрметпенен үлкен-кіші.
Емес пе осы біздің айтысымыз,
Жарыстың еңбектегі қорытындысы.
Табиғаттың байлығы,
Тап қасында тұрса да.
Пайдалан деп табиғат,
Халқыңа мойын бұрса да.

Жаныңда тұрған жалғыз тау,
Ишарат саған қылса да.
Заградовка совхозы,
Кормейді неге мұншама.
Жатқан анау тегін тас,
Құрылысқа жұмсауға.
Келе алмай ма өл-шама,
Пайдалансаң оларды.
Мал қорасы базыңа,
Алыстық әлде ете ме?
Еркін жатқан қазына.
Алыстағы талай жер,
Қарамастан тасып жүр.
Жолдың батпақ, сазына,
Ауданың бар айтысқа мән бермеген.
Сауық пен салтанатқа сән бермеген,
Кімменен айтысты деп отыр халық.
Ауданыңнап бірде-бір жан көрмеген.
Ақыным-ау, мұның не сасқаның ба?
Шынымен-ақ айтыстан қашқаның ба?
Қошеметші еліңнен таппағасын,
Онерді де біржола тастадың ба?
Кем емес ауданымда құстан табыс,
Жаз түгіл болып отыр қыстай табыс.
Күніне мың жұмыртқа кірісім бар,
Екпіндеп бара жатыр аяқ алыс.
Колхозың Аманкелді кейін отыр,
Құстарың жүдеулікке бейім отыр.
Құс аман биыл шықса жарар деп,
Бригадир Молочков кейіп отыр.

Ынтық боп жеткішектер оқу үшін,
Сұрайды басшылардан қолдың ұшын.
Рубцов ағайға деп хат жазыпты
Кордің бе “Ленин туын” оқимысын?
Бұл сөзім саған енді жақпастағы.
Баланың айтсам жайын Ақбастағы,
Он шақырым мектепке жаяу барса.
Басшылар қоз салмайды топ қастағы,
Балалар Өрнек, Бірлік арасында,
Сүйреген азығы бар шанасында.
Ойында бригадирдің еш нәрсе жоқ,
Қалса да сол балалар қар астында.
Мектебі, техникумы мамандардың,
Тауысып отыр екен амалдарын.
Жай күйін жақсыламай студенттің,
Іске олақ көрінеді адамдарың.
Ақыным 65-те сенің жасың,
Сырқаттан тарамайды ішкен асын.
Ала-алмай үкіметтің жәрдемінен,
Сияқты көрінеді жүрген басың.
Адамды әділ емес жүрсін мақтап,
Сол жонде жүр ғой сенің халқың қақсап.
Көрілер, ауырулар ауданыңда,
Ала-алмай правосын сасқалақтап.
Озімшіл дәрігерлерің ор кеуде екен,
Тұратын көбік ауыз көзі алақтап.
Ықшамдап домбыранды котересің,
Айтқыңыз келіп тұр ма соны мақтап.
Тауағаш мектебінен тағы бір сөз,
Ол сізге болып тұрар күн сайын кез.

Үш партада тоғыз бала отыратын,
Жағдайды біздің дағы корді ғой коз.
Сіздерде Ефименко врач дейді,
Адамға өте қатаң тұрат дейді.
Откізіп пенсияға сүйгендерін,
Сүймеске теріс мойнын бұрад дейді.
Бесінші бөлімшесі Торанғұлдың,
Көріпті ойын сауық бес жыл бұрын.
Киноны ұмытуға аз-ақ қапты,
Басшылар ойламайды көптің мұнын.
Жарқырап бар жерлерде Ильич шамы,
Елімнің гүл-гүл жайнап атқан таңы.
Киномыз бар ауылымда жүріп жатыр,
Шаттықпен ойын-сауық елдің бәрі.
Образцовый үшінші бөлімшесі,
Құнанбай салқын қарап жүрген несі.
Жай жүріп Ильичтің шамын жақпай,
Жұмысты бас қамына бөлген несі.
Атақты механизатор бізде көп бар,
Исин, Фризин, көп Зубовтар.
Федина, Тимошенко, Черномазов,
Екпінді Медведев деген топ бар.
Трактор жөндеу ісі 100 процент,
Барады Заречныйым екпіндеп.
Әнеки “Ленин туы” газетінде,
Ерлерім шығып жатыр түйдек-түйдек.
Репкина, Репкин сатушылар,
Олжаға қолда тұрған батушылар.
Екеуі кезек сатып бұйымдарды,
Шіреніп үйде зорсып жатушылар.

Біздің міндет еңбектің ерін айту,
Жалқаулардың жасырмай қозіне айту.
Коркем тілмен келтіріп кестесіне,
Отанымның тапсырған сөзін айту.
Қол жеткен табысты айтсам асырмаймын,
Кездесе кемістікті жасырмаймын.
Темеке, тегін туған тұлпар емен,
Дауысым жер жарғанша басылмаймын.
Келші бір айтысайық барлық сырды,
Шалқыта келістіріп өлең жырды.
Пленум құрметіне не сыйың бар,
Табысың қуанта ма жаңа жылды?
Жасадық ет пен сүттің молшылығын,
Төгіліп табысты айтсам кетер жырым.
Ауданым облыста маңдай алды,
Табысын еңбегімнің қорші бүгін.
Атақты ауданымда сауыншы бар,
Гүлжиһан, Көкіямдай сауыншылар.
Үш мыңнан сиыр басы сүт өндірді,
Ақыным айтшы кәне сізде кім бар?
Қой базым түгелімен менің оңды,
Қойлардың күйі жақсы, сырты қонды.
Қызылөскер совхозында қойларымның,
Салмағы торт килодан жүні болды.
Табысым толып жатыр әрбір жайдан,
Сізге де, бізге де еңбек табыс майдан.
Қуйбышев колхозында Сапрыгин,
Жүз жиырма қозы алды әр жүз қойдан.
Енді айтсам-өзім баққан жылқыны айтам,
Елімнің күрделі қор мүлкін айтам.

Қымыздан отыз бес мың табыс бердік,
Келер жыл одан да орлеп алға тартам.
Сүрлемі жүгерінің жиналды коп,
Одан да жеткілікті сабан мен шоп.
Жасадық жыл жарымға шөп үнемін,
Шаруам ілгері аттап барады орлеп.
Пашенка, Сизанцев пен Гарбуновым,
Жинады мол өнім мен сүрлем шөбін.
Жолында жүгері егу қайраткерлер,
Қажырлы келешекке берер сенім.
Мектептің құрылысы да жақсы бізде,
Дайын боп жеті мектеп осы күзде.
Екеуі жеті жылдық осылардың,
Уа аға, мұндай табыс бар ма сізде?
Мамандар техникумы подхозында,
Күтім жоқ көрінеді жас қозында.
Әр үйге амалсыздан таратыпсың,
Ақыным не айтасың енді осыңа.
Подхоздың басшылары қарамайды,
Мұны да кемшілікке санамайды.
Капустаң қар астында үсік шалған,
Маңайын ат қораның паналайды.
Сиыпты бір қораға шошқа, тауық,
Әйтеуір орналасқан ебін тауып.
Қартобың жатыр екен шіріп, сасып,
Оны да дем шығармай қойдың жауып.
Совхозға Николаевка енді оралам,
Мал дәрігері, мал маманы іске алаң.
Бірінші фермасында совхозыңның,
Сүп-суық көрінеді сиыр қораң.

Бастапты қотыр бола бойдақтарын,
Салмайды сүмірейіп ойнақтарын.
Бұзау таз бас көтертпей қойған екен,
Жоғалтты күннен-күнге салмақтарын.
Жетпейді алты бірдей сауыншылар,
Күн сайын бірі кіріп, бірі шығар.
Киіммен қамтамасыз етпеген соң,
Дірлектеп шықпағанда қалай шыдар?
Тәртіп жоқ ауылында “Қарабұлақ”,
Нағып тұр мал баздары қалмай күлап.
Басшылар ел тілегін ескермейді,
Ашуға мінеді екен айтса сынап.
Қарт қойшы еңбек ері Бокен ағай,
Жүреді күндіз-түні дамыл алмай.
Жерлері жатар-тұрар болса жайсыз,
Елдегі жақсы үйінен пайда қандай.
Шошқа мен торайлары сазға батып,
Шығады саз ішінде қалай жатып.
Қаңтардың қаһары зор ызғарында,
Алады қалай дамыл бұлай жатып.
Орын жоқ жарық-жайлы торайында,
Көшкен соң құрылыстың оңайына.
Әр басқа тоғыздан-ақ алдың торай,
Келсін бе күтпеген соң орайына.
Мақтаныш сіздерде не, шоптің көбі,
Асыра мақтанудың келер ме ебі.
Әрі жем, әрі тосек көрінеді,
Жемшөпті үнемдеу мұның тегі.
Осылай үнемдемей шопті жесең,
Шөбіміз жетеді деп көпті жесең.
Жүмсаған ат көпір ғып шөбің бітіп,
Үят болар, шоп іздеп маған келсең.

1967 жылы Қазақ өнері күндеріне арналған Зияда Сарсенбаев (Совет, бүгінгі Аққайың ауданы) және Уахит Темірбековтың (Бескол, бүгінгі Қызылжар ауданы) айтыстарынан үзінді.

ЗИЯДА

Атандым жастан ақын өлең дарып,
Өлеңнен маржан тізіп әнге салып.
Ауданның мен таңдаулы жүйрігімін,
Жарыста көргенім жоқ кейін қалып.
Ауданымның шалқыған бар аймағынан,
Сөлемді мен сіздерге келдім алып.
Сөйлейтін партиямды мақтан етіп,
Шабытым кетер сонда оттай жанып.
Сүйікті туған елім Қазақстан,
Дәулеті, мәдениеті шалқып жатқан.
Патшалық дәуір заманында,
Қаратүнек сол кезде елді басқан.
Ғасыр бойы қараңғыда жатқан елге,
Жарқырап Октябрьдің таңы атқан.
Бақыттың, бостандықтың күні туып,
Жарқырап коммунизм нұрын шашқан.
Отанның қуатынан нұр алғанбыз,
Ер болып еңбек үшін жаралғанбыз.
Әрқашан жақсыға жаршы болып,
Партия ұранынан нұр алғанбыз.
Октябрь, тартуым мол елу жылға,
Тың жерде бізді биыл тағы сына.
Жер жүзі тамаша етіп қарап тұрсын,

Қазақстан, тасқындаған табысыңа.
Көкке сермеп аққу құстай ән қанатын,
Сөйлейтін ауданымның салтанатын.
Жайылды даламыздың дастарханы,
Молшылық дүниесі деп аталатын.
Жасадық ұйымдасып еңбек жорық,
Жер-ана кетті мүлде қазына болып,
Астық пен бау-бақшаны жинағанда,
Байлыққа жердің беті кеткен толып.
Қазына толып жатқан төңірегі,
Жүз мыңнан онда егін егіледі.
Сол жерден миллион пұттан астық өніп,
Сан мың мал даласында өріледі.
Сөйлесем бір тұңғыық сөзім терең,
Айтылған шындықпенен сөзге сенем.
Қол айдың көрмегелі жүзі болды,
Кішілікпен, Уәке, сізге сәлем берем.

УАХИТ

Түйдекте өлең-жырым орле-орле,
Қалықта шырқа аспанға, құлаш серме.
Айтшы бір жарты ғасыр жетістігін,
Той-думан, мерекеге келгендерге.
Өлеңім Ленин үшін, партия үшін,
Жылыма мерекелі үлес қосқан.
Жырлаймын еңбек сүйгіш халқымды шын.
Октябрь ашып берді өмірге жол.
Қол жеткен ұшан-теңіз табысым мол,
Бейбіт өмір, жарқын дәуір.

Халқымның, партиямның тілегі сол,
Ғылымның неше түрлі бұлағы ағып.
Торіне кең аспанның шамын жағып,
Ғарыштың да шырқауында желбіреп.
Туым түр айға тіккен күлім қағып,
Жарқырап Ұлы Октябрь шұғыла шашқан.
Жадырап күн күлімдеп жайнап аспан,
Жүздеген елде неше совхоз ашқан.
Еңбектің майданында тапжылмастан,
Ерлерім келер тойға үлес қосқан.
Жаңа аудан Бесколімнің табысы мол,
Тау – астық, дария – сүттен, доулеті асқан.
Корші аудан өркендеген мынау Совет,
Мұнда да мол көрінед сүт пенен ет.
Екі аудан жетістігін жариялап,
Сөйлейік, Зияда, інім кел бетпе-бет.
Құп алдым сөлемінді сыйлап берген,
Айта бер үлесінді тойға әкелген.
Сөйлей бер жетістігін ауданыңның,
Сіздің ел жарыста ғой біздің елмен.

ЗИЯДА

Теңіздей толқындаған жайнап егіс,
Бау-бақша шешек атқан о да келіс.
Орындап артығымен келіп тұрмын,
Жоспарын еттің, сүтгін, жүннің тегіс.
Мұхиттың дариясындай біздің аймақ,
Мақтансам қалай етіп сөзге сыймақ.
Жүз тоқсан мың гектар егін сеуіп,

Жеңісін көктем егіс өттік тойлап,
Баптаған еңбекпенен егістері,
Тап-таза өсіп келеді тегіс бойлап.
Ораққа ертең-ақ аттануға,
Комбайн, тракторды қойдық сайлап.
Дәулеті шалқып жатқан біз бір теңіз,
Теңізден кем емес және деңіз.
Ленин атты бір совхозымды баян етсем,
Бір өзі ауданыңа жетер тегіс.
Артық болмас ырысы асқар десем,
Отанның қоймасына құйған дәні.
Жоспардан асып түсті торт еседен,
Ойламаңыз жақсы совхоз, колхоз осы ғана.
Нанбасаң өз көзіңмен барып қара,
“Путь Ильича”, “Чапаев” атындағы совхоздарым.
Бәйгеден озып кеп жүр жеке дара,
Біздерде жақсы совхоз толып жатыр.
Қалай деп айтсам дағы сөзге татыр,
“Ивановка”, “Смирнов” совхоздарым.
Жарысып бәйге атындай келе жатыр,
Көк майса, көлді, орман жерлерім бар.
Мейман дос еңбек сүйгіш елдерім бар,
Кімің бар Әбудей Еңбек Ері.
Елімнің қадірлісі, ардагері,
Торт озат тағы алды Ленин орден.
Еңбектің үздік шыққан жүлдегері,
Еңбек пен білім ғой өнер алды.
Молайтты солар дағы қазынамды,
Тың жерді игергені үшін ғана.
Тоғыз мың адам наградталды,

Мен сізге корсетейін шабысымды.
 Тұлпардай жаңа қызған ағысымды.
 Сөз аяғын қысқартайын деген едім,
 Азсындың жаңағы айтқан табысымды.

УАХИТ

Ауданым облысымның маңдай алды,
 Өзен, қол, орман, көгал жері сәнді.
 Еңбекте ынтасы бар, қайраты мол,
 Коңілді жастарым жүр шырқап әнді.
 Елім бар таймайтұғын берген серттен,
 Ерім бар Отан үшін еңбек еткен.
 Алты айда орындады той жылының,
 Жоспарын белгіленген бағалы еттен.
 Қарсы алып елу жылды зор үмітпен,
 Сапалы, сәтті табыс халқым күткен.
 Жоспарым жарты жылдық орындалып,
 Жүз жиырма процентті бердім сүттен.
 Жапарова ағызған сүт бұлағын,
 Табысы оның бейне бір тасқын-ағын.
 Қазиева Мариям озатымыз,
 Еңбектің жарқыратқан шам-шырағын.
 Жукова Социалистік Еңбек Ері,
 Бұзаушы ол бірнеше жылдан бері.
 Халқы оны ардақтаған, аялаған,
 Жарыстың топ жарған жүлдегері.
 Шалкенов, Байзаков малшыларым,
 Үздік болған жарыста тау, шынарым.
 Малы семіз, төлі егіз қашан да, —
 Созден мен қалайша таусыламын.
 Маманы техниканың Әлібаев,

Істеген еңбектері таңғажайып.
Жүздеген тракторшы, комбайншы,
Оқып шықты алдынан қанат жайып.
Елімнің толып жатқан орендері,
Ерекше асқан олардың өнерлері.
Белгілі комбайнның капитаны,
Шварц, Курбатовтай Еңбек Ері.
Тамаша көркі сұлу біздің елдің,
Зияда тамашасын көзбен көрдің.
Саяхат, серуенге қандай ғажап,
Кең тосі жарқыраған айдың-көлдін.
Еңбекті айтсам кетеді сөзім қаулап,
Түйдектеп сөз соңынан сөздер заулап.
Енжарлар ұнатпаса ұнатпасын,
Келейік сын жағына азын-аулақ.
Жоқ екен Дайындықтың дайындығы,
Қоралары қоқыстан ығы-жығы.
Қыс қамын ойламаған осы екен ғой,
Қоң-қоқыр, ашық-тесік, кеткен сыны.
Оң жақта қызыл бұрыш тұрған мынау,
Көрмеген көп заманнан майлап-сылау.
Сәкісі лас, әйнектері сынған түгел,
Корсеткіш тақталар тұр жамау-жамау.
Дейді елің соны дағы қызыл бұрыш,
Бұрыштың қабырғасы қырыс-тырыс.
Біздерге мұңын шағып тұрғандай-ақ,
Сыны кетіп жабырқап тұр тым-тырыс.
Ішінен қызыл бұрыш сасып шықтық,
Аяқты тәлтіректей басып шықтық.
Болғанның обалы не шынын айтпай,
Алды-артқа қарамастан қашып шықтық.

ЗИЯДА

Мақтанып оз ауданыңды тасынасың,
Мініңді айтсам егер ашынарсың.
Ісінде сіздің дағы кемшілік көп,
Жел сөзбен неге бүркеп жасырасың.
Бұл сөзім сізге айтқан емес жалған,
Кей совхозың тол алудан кейін қалған.
“Мир” деген бір жақсы колхозыңда,
Жүз сиырдан қырық сегіз-ақ бұзау алған.
Табысым бұлақтайын сарқылмаған,
Жүйрікпін үздік шығып қарқындаған.
Ауданда көл мен орман біз жасадық.
Мұхиттай желді күні толқындаған,
Шілденің шаршатамыз күндерінде.
Көрі-жас саясында салқындаған.
Ауылыңа күні кеше барып келдім,
Кемшілік орын алған көріп келдім.
Екпе ағаш орталығында нашар екен,
Ауылыңда жоқтығына әбден сендім.
Мысалға “Новоникольский” совхозыңды ал,
Жоқ екен онда еккен жасыл когал.
Барсаң да қай совхозға бәрі сондай,
Онан да бізге келіп өнеге ал.
Айтысуға келе бермес сенің шамаң,
Жасы үлкен ағасыз ғой алдымызда.
Қайтыңыз ренжімей бұл жол маған,
Тапсырған қолға алдық ұлы істі.
Еңбегімен талай адам козге түсті,
Мерекелік тапсырманы орындауға.

Жұмсайық бойымызда барлық күшті,
Және де көп мін тағып жұмысыма.
Келтірдің оziң тиіп намысымды,
Ауданның көрсең түгел кең даласын.
Көк орман, айдын көлді, таза ауасын.
Жырласам ауданымның табыстарын,
Тамсанып тамаша қып таң қаларсың.
Кордім мен ауданыңа кеше барып,
Жетістігің бар екені о да анық.
Екі совхоз, бір колхоз таңдап бердім,
Шықпас па едің оларың енші алып.
Бүгін кеп енді маған мақтанасың,
Түскендей тұйық аспан көкті жарып.
Қарыштап өрге қарай бір секірсем,
Қаларсың сонда бізден кейін қалып.

УАХИТ

Әрқашан туралықты сүйеді сын,
Сыналмақ кемістіктер соның үшін.
Жойылмақ сол кемшілік әділ айтса,
Қолданса тәрбиелік үгіт күшін.
Бақыт таңын атқызған Ленин көсем,
Жүректе сөз құйылар Ленин десем.
Көп ұлтты Отанымның халқын айтсам,
Кеудеде күмбірлейді сөздер әсем.
Сол сөздер кезек күтіп тұрғандай-ақ,
Лықылдап көмекейге келіп таяп.
Қиялым жер мен көкте қалықтап кеп,
Қалма дейді ұлы тойда жаныңды аяп.

Айта берсе сөз де көп, табыс та көп,
Отанның бақыты үшін намыс та көп.
Айтайын бір-екі ауыз сөз қорыта,
Қиял түртіп отырса да “қарышта” деп.
Алынған ұлы тойға міндеттеме,
Жауапты орындаймыз міндеттене.
Арналған мерекеге Тезистерге,
Шабытпен отыр халқым көңіл бөле.

*1967 жылы Ұлы Октябрьдың 50 жылдық
мерекесіне арнаған олеңі.*

ШАЛҚИДЫ ЖЫРЫМ

Игібай, Ақанменен сәлем жолдап,
Айтысқа шықтым міне қанат қомдап.
Еңбектің балғасымен солқылдатап,
Ақынмың әр сөзімді соғар сомдап.

Айтсам мен табысымды шарықтаймын,
Құйылып қыран құстай қалықтаймын.
Байлығым шаш етектен төгіледі,
Ерлерді мадақтауға жалықпаймын.

Ауданым озып шықты жарыстарда,
Сермейміз құлашты біз алыстарға.
Табысты ту, олеңімді семсер етсем,
Кәнекей сайысатын намыс бар ма?

Қырманым қызыл таудан көрінбеді,
Диқаным түн қатты бір ерінбеді.
Ол шіркін дән дария тасығанда,
Дамылдап тыным табар ерің бе еді?!

Жеңістің рапорттары жатты қаптап,
Даңқымыз облыстан кетті аттап.
Игібай, Ақандағы алдыңдар ғой,
Соколов ауданының атын жаттап.

“Петропавл” совхозы мақтанышым,
Байлығы шалқып оның жатқаны шын.
Горбуновым Еңбектің Ері атаңды,
Сергек басшы білетін бастан ісін.

Андрей Бокс маңдай алды комбайнерім,
Тенесер оныменен қандай ерің.
Жинаған астығы оның тау болады,
Азамат қой ардақты, айхай, керім.

Көктемде жер жыртып, тұқым себер,
Тіліне техниканың маман шебер.
Қыс болса мал бағады фермамызда.
Еңбеккер ол, баршасы адал сенер.

Сауыншы Разия да майталманым,
Ісіне бір мінді мен айта алмадым.
Сауған сүті бұлақтай ақтарылған,
Онымен теңеседі қай тарланың.

Депутатқа атадық таңдаулыны,
Қадірлейді құрметтеп малды ауылы.
Разия ел сенімін ақтайды деп,
Дауыс бермек сайлаушы бар қауымы.

Бухартина, Агапова да қалыспаған,
Жалынды еңбектері таныс маған.
Ай сайын сүт жоспарын орындайды,
Қатарынан үздік шығып алыстаған.

Малымыз күйлі біздің қыста дағы,
Қаншама қаһарланса қыс қабағы.
Мыңқ етпес малшыларым маңғаз кейіп,
Сары аяз сықырласа тыста тағы.

Бораның да үлдесе бұрқанып,
Малшы жайы тыңғылықты бір қалып.
Отауында оты маздап тоқшылық,
Әні дағы жатар дәйім шырқалып.

Коктемгі техникамыз жөне сайлы,
Серпіле сойлейін бір қарқын жайлы.
Тракторым қыл бабында, сапында түр,
Аттаныста ертең-ақ жарқылдайды.

Қарашы қалың қолдай сол шебіме,
Табыстың таусылмайды мол шегі де.
Тоқсандық жоспарларым орындалса,
Мерекелік сыйымның болшегі де!

“Налобин”, “Новогеоргиев” жарысқалы,
Үстелеп осумен табыстары.
Ет, сүттен жоспарларын орындады,
Облысқа аттары таныс бәрі.

Ауданда той жарысы жалындаған,
Бізге тән-тасқындаған арын қадам.
Желпінтіп, желдірімелеп, тоқпелетіп,
Олеңнің “жоспарын” да орындағам.

Осылай өз жайымды баяндап-ақ,
Олеңім сіздерге кеп аялдамақ.
Енді мен әдейілеп сөз арнайын,
Ойым бар кейбір сәтті баяндамақ.

Ауданыңда кездесер кемшіліктер,
Бақсыға да береді-ау кемшіліктер.
Молдалар қутындап құтырынған,
Енді, кәне, сықаққа еншілік бер.

Сынымен соларды мен ұшықтайын,
Қарсы келсе судырма пысықтаймын.
Сазасын сілейтіп бір соғайыншы,
Тұрады қаным оған ысып дөйім.

Елемесов Құсайынның Мектептегі,
Бақсылығы бар екен ептеп тегі.
Ақшаның шетін көрсе буырқанып,
Жындарын шақырады “ең шеттегі”.

Тілеке Ақпанбетов қожа дейді,
Қалтаны Құсайыннан оза жейді.
Сүндеттің тиындарын сылдырлатып,
Саудагерлік кәсіпке бажа дейді.

Баянды үй-үйлеп аралапты,
Бақырған балаға да қарамапты.
Жығып салып, жанталасып,
“Бісмиллюмен” біраз тәнді жаралапты.

Қалидар Ахманов Жалтырдағы,
Арақты ішіп алса батыр тағы.
Ауылды мазалап болмаған соң,
Ауданында КПЗ-да жатырдағы.

Осындай сотқарларды түзеу керек,
Мас болса шаштарын да күзеу керек.
Еңбеккер адамдарды күйінтпесін,
Сынмен соғып өздерін безеу керек.

Сықағым қатты тисе етпе айып,
Кемшілік кездеспесін, болсын ғайып.
Елімнің тойында да тек жақсыны,
Жырлауға біз де бір қол соғайық.

Тойды айтсам кетеді жырым шалқып,
Отырам шабыттанып, бойым балқып.
Домбырам күмбірлейді күйі тасып,
Аспандап кетеді ғой өнім қалқып.

1970 жылы Жамбылдың туганына 125 жыл толуына орай облыстық ақындар айтысы өтті. Уахит Темірбеков пен Ахметжан Нұртазинның айтысынан үзінді.

АХМЕТЖАН

Той десе толғанады ақын жаны,
Толғанса толқып шығар сөздің нәрі.
Қуанып қарсы алуда меймандарын,
Жаңа аудан – ақын Жамбыл атындағы.

Тойларың құтты болсын, қоршілерім,
Жаңа аудан, жуырда алған еншілерің.
Мал өсіп, егін шығып, елім байып,
Орындай бергейсіңдер ел тілегін.

Ойланып мен де бүгін корейін бір,
Тереңнен жыр маржанын терейін бір.
Тойында ұлы ақынның толқынлатып,
Жүректен жыр асылын төгейін бір.

Біз қазақ – ұлы орыстың інісіміз,
(Сан ғасыр шықпай келген дыбысымыз).
Лениннің лебізінен нәр алған соң,
Кенейіп жүре берді тынысымыз.

Кім айтар енді қазақ қалысты деп,
Жүлде алып келе жатыр жарыста үдеп.
Соғыста Бауыржандай батырлардың,
Ерлігі елге аян, халық білед.

Мәншүк пен батыр қызы Молдағұлдып,
Қазақтың мақтанышы ол да біздің.
...Бүгінде атақ-даңқы көпке мәлім,
Жамбылдай олең-жырға жорғамыздың.

УАХИТ

Отаным күнде жиың, күнде думан,
Ұлы Отан, ерікті Отан өнер қуған.
Ұласып олең жатыр түйдектеліп,
Әр уақыт осындай бас қосылудан.

Отаным күнде думан, күнде сайрап,
Мен ақын олеңімен қанат жайған.
Озімнен үлес қоспай осындайда,
Бұйығып текке отыру болсын қайдан.

Қиялым шарықтайды шабыт келсе,
Көкірек күмбірледі қоңіл келсе.

Ешкімнен кем түсуге келіспеймін,
Тоқтаман кәрі жүрек тебіренсе.

Өркендеп алтын дәнмен өрісіміз,
Екпінді аяқ алыс, желісіміз.
Сара жол біздің бағыт – сапарымыз,
Отандық құрылыс біздің жеңісіміз.

Ерлерім еңбекте еш ерінбейді,
Жарыста социалистік жеңілмейді,
“Бесжылдықты төрт жылда орындаймыз!
Міне, осы біздің серт пен сенім” дейді.

АХМЕТЖАН

Талпынсаң табиғаттың берері мол,
(мал өсіп, егініміз бітік шықты).
Халықтың іздегені, керегі сол,
Биылғы жоспар тегіс орындалып.
Отырмыз облыстың торін алып,
Ауданым қуанулы осы жылы.
Бес бірдей жеңіс туын қолына алып,
Малшылар малын майдан арылтпайды
Қарайсың малға қалың тұра қалып,
Мақтаймын Қоспан менен Есләмбекті.
Қой бағып, өсіруге олар епті,
Жүз қойдан жүзден аса қозы алып.
Беріле екеуі де еңбек етті.
Мәптуха сауыншы боп Қараталда,
Жарыста жүлде алған, жылда алда.
Одақтық үздік малшы атын алып,
Атағы жайылулы барша жанға.
Оралар осындайда ойыма олең,
Шабыт шалқып, сыймайды бойыма олең.
Ұласпақ Жамбыл тойы зор табыспен,
Одақтың елу жылдық тойыменен.

УАХИТ

Кузьмин, Диркс, Байтосов,
Шварц пенен Курбатов –
Еңбектегі ерлерім,
Пьянкова менен Яшина,

Орындады асыра
Сауған сүттен бермегін.
Механизатор Симонов,
Эдуард Трай – бәрі де
Әйгіледі еңбегін.
Ұластырған табысын,
Ауданымда өрен көп.
Парасатты, саналы,
Ақылы дария терең көп.
Ән шалқытып аспанға,
Ұл-қыздар жүр көлеңдеп.
Қарттың аяқ алысын,
Отырсаңдар корем деп.
“Кем түспеймін жастардан”, -
Деймін мен де елеңдеп.
Жиынында Жамбылдың
Сілтейін бір тереңдеп.
Бесколдік мынау акындар,
Қаһарман мен Қазыкең,
Әнімен өрнек салатын,
Ексуінде тыныс кең.
Ауданымның табысын,
Социалистік жарысын.
Кеңінен толғап айтуды,
Осыларға берем мен.

1981 жылы Қазақстанның Ресеймен қосылуының 250 жылдығына арналған Әшім Меңдібаев (Мамлют ауданы) және Уахит Темірбеков (Бескол, бүгінгі Қызылжар ауданы) айтыстарынан үзінді.

ӘШІМ

Онердің бәйгесіне қосып атын,
Той десе, айтыс десе асығатын.
Жарыстан қартайса да қалыс қалмас,
Мен едім мамлюттiк Әшiм ақын.

Мен озiм айтыс десе тебiренем,
Кернейдi кокiректi небiр олең.
Қолға алып домбыраны жырлағанда, -
Алдымен, Ұлы Отаным, сенi көрем.

Сондықтан мерекеде кетем сайрап,
Алдында көпшiлiктiң жүзiм жайнап.
Жасындай жырларымды жарқылдатам,
Шабыттың шарбы бұлтын бұзып, айдап...

Жасардым бұл заманда қайта туып, -
Белiмдi мықты олеңмен тарта буып.
Қатыстым қаншама рет айтыстарға,
Берiлмей кәрiлiкке өнер қуып.

Паһ, шiркiн, думан мынау дүбiрлеген,
Көңiлдер лекiп, көздер күлiмдеген.
Мызғымас ұлы достық әнiн шырқап,
Олеңдi орлетемiн бүгiнде мен.

Елiмнiң әрбiр күнi мерекелi,
Жерiмнiң әр шаршысы берекелi.
Осындай зор бақыттың күшағында,
Ақындар Отанымды жыр етедi.

Одақтың отауы — Қазақстан,
Мен оны айтар едім: Ғажапстан!
Халқымыз арқа сүйеп Россияға,
Сонау бір қиын кезде қол алысқан.

Екеуі содан бері тілек қосып,
Ойлары ортақтасып, білек қосып.
Жауларды сырттан келген талқандады,
Әрқашан бірге соғып жүрек-ғашық.

Бақыттың бақшасына ұқсап аймақ,
Өлкеміз Күн сәулесін құшқан жайнап.
Ильичтың осіетін орындайтын,
Біздерге болашақ кең құшақ жаймақ.

Содан да мақтан етем өмірімді,
Жырыма қосып байтақ өңірімді.
Ақынның парызы бұл абыройлы,
Халқыма көрсетейін өнерімді.

Күмбірі домбыраның қанат қақсын,
Көркем жыр күмбіл созді ардақтатын.
Өлкемнің әр ауданы, әр ауылы,
Ақынға мәртебесін мадақтатын.

Жырлайық достық әнін мызғымайтын,
Сан дұшпан балталаса бұзылмайтын.
Жасыңыз үлкен еді, Уахит аға,
Жырлаңыз олең болса бізге ұнайтын.

УАХИТ

Армысың, Меңдібаев Әшім деген,
Сендағы шал бопсың ғой жасы келген.
Менімен жас жағынан шамалас ең,
Ендеше ағармайды шашың неден?

Кұрдастық қалжыңым бұл саған айтқан,
Әзілі, шыны аралас бағанды айтқан.
Айтысқа “Аттан!” салып талай келіп,
Айтыспай кететұғын шамаңды айтқан.

Бұл айтыс арналады басты ұғымға,
Россия, Қазақстан достығына.
Шындалған екі жарым ғасыр бойы,
Бұл достық сан асудан асты мына.

Сен өзің тарихты да көп білмессің,
Білгенмен, бәрін бірдей дөп білмессің.
Сондықтан ұлы достық турасында,
Мағлұмат алсаң менен - өкінбессің.

Ертеде, ерте откен замандарда,
Қайғыны көп көрмеген адам бар ма?
Көршілес рулар, хандар тырнақ салып,
Сан талай құлатты ғой бабамды орға.

Бабалар зөбір шекті қырғын көріп,
Талайлар жатты сол бір сүргінде оліп.
Жылында мың жеті жүз отыз бірдің,
Жоңғардан өрең алды жігін боліп.

Балалар түсіп еді сан қорлыққа,
Орыстар жол бермеді сол зорлыққа.
Үш Жүздің басын қосып біріктіріп,
Россия алған еді қамқорлыққа.

Халықтар табысқан кез – содан бастап,
Көрген жоқ біздерді жау адам жасқап.
Құтқарған сыртқы жаудан Россия,
Баспалдақ болды мынау заманға асқақ.

Мінекей, 250 жыл өтіпті,
Сан жылдар ел мен жерді түлетіпті.
Бұл достық бастауында болғандарды,
Айтқанда дүрсілдейді жүрек, тіпті!

Бүгінді айтсам: ерен табысымыз,
Дамыған социалистік жарысымыз.
Еңбекте табыстарын ұластырған,
Ерлермен үдей түскен шабысымыз.

Когалды көк Есілде қонысымыз,
Еңбекте оніп жатыр мол ісіміз.
Тек қана оза беру әр жыл сайын,
Мал бағу, егін жинау тол ісіміз.

Маңында қалың орман көк Есілдің,
Осіріп бітік астық кең көсілдім.
Төтенше төрт түлік мал орны жайлы,
Май тамған, түгін тартса төл өсірдім.

Бескөлдей ауданым бар дамып тұрған,
Қызыл Ту желбіретіп алып тұрған.
Қырда да, қырманда да самаладай,
Жарқырап Ильич шамы жанып тұрған.

Ауданым бесжылдықтың белесінде,
Татымды тартуы бар үлесінде.
XXVI-шы партсъезд шешімдерін,
Орындау мақсатында күресуде.

Әшім, сен талай жерді кезіп жүрдің,
Ұрланып кезгеніңді сезіп жүрдім.
Қайсыбір үстірт кеткен жағдайыңнан,
Ақын ғой деп айтудан безіп жүрмін.

Озінді зорайтуды коксеудесің,
Хабарсыз әр нәрседен көрінесің.
Қой, қозың “Меңкесерде” өліп жатыр,
Мән беріп оны неге тексермейсің?

Совхозың дала кезіп шоп іздейді,
Шоп емес, сабан, топан көп іздейді.
Үстінен шыға келген бақылаушыға,
“Малға тосек керек” деп әзілдейді.

Әй, Әшім, ешкі ме осы сиырларың?
Күніне бір кило сүт бұйырмады.
Спецхоз, “Становской” - толып жатыр,
Сендерде совхоз, колхоз қиырдағы.

Сыным көп айта берсем, замандасым,
Сынасам ғайып болар аман басың.
Сондықтан ренжімей мінді түзе,
Әйтпесе “Менгесерде” қала алмассың.

VII. ПОЭМАЛАР, ЕСТЕЛІКТЕР.

ЖАҢБЫРЛЫ ТҮНДЕ

(Поэмадан үзінді)

Байтас жүр қызды ауылға көзін сатып,
Ойменен танды атырған Нәкош жатып.
Жігіт бос, қыз қамауда сияқты бір,
Қауіпті ақбоз үйге кіріп бару.
Жүргенде дел-сал болып ақыл таппай,
Бір кезде бұлт торлады кокті қаптай.
Сол түнді пайдаланып кірді қасқыр,
Көп қойға дүсірлетіп шапқан аттай.
Түнеріп қараңғы түн күркіреген,
Қотанда үркіп қойлар дүркіреген.
Кіріп ап емін-еркін арасына,
Талайды тамағынан сілкілеген.

* * *

Қарауыл боп көп малға осы түннен,
Күзетке қыз-бозбала бастап кірген.
Қотанда от жағылып, қаймақ қайнап,

Ән салып, сауық құрып, ойнап күлген.
Ақ сүйек, алты бақан, айгөлектер,
Құрылған қазық қағып дөңгелектер.
Ауғанда түн ортасы жұрт селдіреп,
Кейбіреу томар жақта бүгежектер.
Байтас жүр жұмбақ томар саясында,
Түп талдың бас изеген панасында.
Жүп-жүмсақ құс төсектей қазоттары,
Томарға оскен шалғы арасында.
Ішінде шымылдыңтың күйеулердей,
Отыр ол ой екпіні ескен желдей.
Сыбдырға құлақ тігіп қайта-қайта,
Түйткілсіп “қала ма” деп Нәкөш келмей.
Сол кезде тал сыбдырын шолпы қостап,
Сыпайы шаттық әзіл сөзін бастап.
Отырды Нәкөш келіп қатарына,
Абайлап ел жақ бетке көзін тастап.
Қысқа түн таңға жақын Нәкөш келген,
Шығыс жақ көкше бұлтпен көлкеленген.
“Армансыз қосылыңдар” дегендей-ақ,
Табиғат тыным алып ерік берген.
Шошынған анда-санда құстар ұшып,
Кей жұлдыз көктен ағып томен түсіп.
Сынық Ай бұлт астынан сығалайды,
Отырған екі жасқа қосылысып.
Дүрсілдеп екі жүрек қатар соғып,
Білектер кетті айқасып қатты қысып.
Бірінің ыстық лебін бірі тартып,
Көмекей балдың шырын суын ішіп.
Басқаны сол бір сәтте мүлде білмей,

Көздер де ешбір затты кетті қормей.
 Бұлардың сол жағдайын байқағандай
 Жан-жануар болды жым-жырт, иттер де үрмей.

* * *

Қиялдың толып жатқан тірегіне,
 Қорытты Байтас ойға тірелді де.
 “Қой, оқымай болмайды” деді өзіне,
 Керіліп есінеп бір шіренді де.
 Осы оймен сүйгеніне келді Байтас,
 Нөкөш те деді оқы ілгері бас.
 Алдында игілікті сапарының,
 Қиыспай бірін-бірі тұрды екі жас.
 Ақыры қош айтысар мезгіл жетті,
 Алуға оқу білім бұрып бетті.
 Сүліктей қадалысып еріндері,
 Бой балқып жүректерін дүрсілдетті.
 Махаббат денелерін дірілдетті,
 Тұла бой өрт шалғандай ду-ду етті.
 Ыстық дем қыспағында алқынды да,
 Тамырлар соғуын да жиілетті.

* * *

Демалыс, ашық тымық жазғытұры,
 Жайқалған өсімдіктің талай түрі.
 Аз ғана самал желін желпіп тұрған,
 Рахат жаңға жәйлі күннің бірі.
 Байтас жүр аққан озен жағасында,

Жер мен көк тамылжыған балқып нұры,
Қаладан даусы естіліп музыканың,
Ұласқан нұрға қоса шаттық жыры.
Қызғаныш қызғыш колдің айналасын,
Жыпылдап қанат қағып шыққан шуы.
Аспанға таукүдірет зулап ұшып,
Асқақтап көтерілген әннің туы.
Боз торғай шырқап ұшып көкке шырлап,
Тұрғандай махаббаттың жырын жырлап.
Талмастан әуе ішінде бір орында,
Оз әнін өзі билеп тұр шырылдап.
Тоғайда тал басында қонып көкек,
Ол дағы атын айтып өлеңдетед.
Қосылған қоңыр қаздың қаңқылдауы,
Қоңілді көтермелеп о дағы өтед.
Аққудың сүйкімді әні саңқылдаған,
Жүрекке елжіреген келіп жетед.
Бәрінен әсем шығып бүлбүл даусы,
Гүлдерді бас изетіп желпілдетед.
Көркем тал көп жапырағы судыр етіп,
Желпінген қозғалыспен сыбдыр етіп.
Шаттанған өлгі күстың бірталайы,
Сілкініп суға сүңгіп дүр-дүр етіп.
Сайлардың кемерінен күйылған су,
Сырылдап жер-жерлерде гүр-гүр етіп.
Қоңілдің көк тұлпары алып ұшып,
Нәкошке бір секундта барып жетіп.
Сүйгенін осы араға алып келіп,
Байтастың қоз алдына қолбеңдетіп.
“Шын келіп қалды екен” деп ғашық жігіт,

Қол созып еңкейгенде құлап кетіп,
Озінің қайда екенін сонда білді,
Қаранып жан-жағына күбір етіп.
Тұрды да қайта отырып қағаз жазды,
Ақтарып ішіндегі шер мен назды.
Қиялды жер мен көкке аралатып,
Сипаттап олеңменен сүйген жарды.
- Сен сәулем, суда жүзген алтын балық,
Мен жүрмін бір коруге құмарланып.
Жүздесіп көрмегелі айлар өтті,
Күн-түні ойлауменен жүрмін налып.
Кетпейсің естен шығып еш уақытта,
Сағыныш іш өртеніп, жүрек жанып.
Таза ауа, қоңыр салқын жел ішінде,
Кеткендей болып қалдым естен танып.
Елесің коз алдыма пайда болып,
Жатыппын құшақ жая құлап қалып.
Суреттеп осы болған көріністі,
Отырмын міне жаным хатқа салып.
Адамзат сүйгені үшін күйөі шын,
Ой кернеп зор қиялға түспегі анық.
Осындай ойға маза бермейтұғын,
Етемін махаббатқа ризалық.
Төзу жон қиындыққа тарта соқпай,
Болса да қандай түрлі ауыртпалық.
Қырлар бар байқауымша алдымызда,
Отудің откелі көп бұзып-жарып.
Кең оңеш, қалың қалта арыған жоқ,
Бұзықтық саудасына кескен нарық.
Келгенше шамалары сотқарлардың,

Ұрмақшы жамбасқа алып іштен шалып,
Заңды-ғой ер-әйелдің қосылмағы,
Қымбат-қой баға жетпес жастық шағы.
Кететін бұрмаланып жерлері бар,
Кездесіп комескіге жастар бағы.
Бердігүл мал бергенсіп өз өлінше,
Біздерді болектемек әлі келсе.
Әр жерден жасақ жинап жәйін айтып,
Шақырмақ аттанысқа соңына ерсе.
Қосымбек арам ойлы сенің жезден,
Сөз қосып жарамсақсып елді кезген.
Күнделік болған хабар осы жайда,
Қабендей дос-туыстан маған келген.
Жыпылдап жүкпай оның аузы-аузына,
Жеткізген талайларға сөз даурыға.
Ақсақал, қажы, молда басын қосып,
Оқыпты маған олар теріс дұға.
Бұл сөзім дұғасынан емес қорқу,
Хауіп емес теріс-меріс, оқу-моқу.
“Бұқтырып қыз-жігітті алайық” деп,
Ойлары айла-шарық амал тоқу.
Тарауын толған ойдың толқындатам,
Дей алман ой қызуын салқындатам.
Әр сағат, әр минутта ойлап сені,
Күрсінем көмейімнен жалын атам.
Біздерге дін қарғысы емес хауіп,
Қосылсақ тілек сол ғой ебін тауып.
Таласып талаппенен тұрған жандай,
Игілік сөт сапарға кетсін ауып.

Киетін Нөкош үйде жеңсіз қамзол,
Ілді де шығып кетті далаға ол.
Осындай кезең жерін аңдып жүрген,
Андаусыз кіріп кетті бір суық қол.
Сұғанақ Қосымбектің өзі барып,
Қалтаға емін-еркін қолын салып.
Жазылған Байтастың бұл соңғы хаты,
Қуана күлімсіреп шықты алып.
Оңаша оқып көріп жазған хатты,
Жыландай ысқырып тіл жалаңдатты.
Ілезде елге жайып жанталасып,
Нөкоштің жас жүрегін жалындатты.
Нөкош те іш өртеніп бауры елжіреп,
Қапыда хат қолды боп жасып, жүдеп.
Мықты серт алысқан қол, айтысқан сөз,
“Шынымен орындалмай қала ма” деп.

Байтастың демалысқа келген беті,
Келсе ол басқаланған сөз реті.
Хат тағы қолды болған шым-шытырман,
Сөз жүрген көз жеткісіз қиыр шеті.
Дағдарды хабарласу болып қиын,
Нөкоштің білуіне жәйі-күйін.
Қызғаныш оты да ішін жалындатты,
“Ойында қыздың бар деп қандай түйін”
Хат келді сол бір кезде Нөкошінен,

- Еш уақыт шығармасын мені есінен.
Біз жонде сатылғандар толып жатыр,
Корінед достарың да мен-менсіген.
Байтасжан ойда жоқта болдым сорлы,
Қапыда кездестіріп қалың сорды.
Теңдікке қолын сұғып бөгет жасап,
Отыр ғой құрып тастап шынжыр-торды.
Озімнің аңғалдығым себеп болып,
Кеудеге қасірет пен қайғы толып.
Айғақты зат куә боп бұлтара алмай,
Сарғайып аз-ақ күнде қалдым солып.
Жақындар жаны ашитын мұңдас-сырлас,
Бәрі де дұшпан болып жүр ғой торып.
Жақынсып жарамсақсып мұрттан күліп,
Әлібек досың да жүр қотан қорып.
Ызасы діншілдердің өте күшті,
Сойлейді бала молда қайрап тісті.
“Комсомол діннен шыққан” десіп сізді,
Ақсақал қажы, молда күпіністі.
“Дін-мін” деп кекеп жазған сөзіңізді,
Түп-түгел естігенде күйіп-пісті.
Молдалар лағнет оқып, қолын жайып,
Өлгендей өкелері күрсіністі.
Бұл істен отырғам жоқ қорқып, сасып,
Дін ғұрып ескілікті жол ғой сасық.
Бөгет боп заң ісіне ескішілдер,
Қаймығам жүргеніне араласып.
Бауырым ойлап мені жалғыз Дөркеш,
Тогеді көзден жасын ертеңді-кеш.
Қолынан бар келері жездеме ұрсу,

Кетеді әр жағдайдан айтып кеңес.
Қорлыққа шыдай алмай өлгім келед,
Қия алмай жас өмірді төзгім келед.
Ежелден сор мен бақыт кезек жүрмек,
Сол үшін келешекті көргім келед.
Байтасым, кездесуге аңду күшті,
Отырмын болжай алмай ілгергі істі.
Бақытты өмір екен өткен жалған,
Бұл күнде біздің басқа күзет түсті.
Көретін теңсіздігім зор болса да,
Алдым түпсіз шыңырау ор болса да.
Қатыгез әке-шеше мені қиып,
Көніп түр перзентіне қор болса да.
Ескі заң, сасық-шірік, әдет-ғұрып,
Әлі де келе жатыр қалмай құрып.
Жеткізбей желкемізді қиып отыр,
Жүретін күнімізге жүз құлпырып.
Арылмай сұмырайлар арамыздан,
Занды жүр қолы біліп, теріс бұрып.
Батты ғой Қосымбектей туған жездем,
Қос қолдап тас тобемнен тұрғаны ұрып.
Алаштың ана жүрген азбандары,
Ел жегіш арам тамақ азғандары.
Шындықты бір бұрышқа жиып қойып,
Қағазға шылғи өтірік жазғандары.
Болса да берік мықты айтылған серт,
Етуге олар дайып біздерді мерт.
Қалса егер орындалмай талабымыз,
Өмірге берер зиян бұл қайғы-дерт.
Кезінде бие ағытар сайға барам,

Дөркеш пен Мәкітайды ертіп алам.
Ол мерзім бір сағаттай уақыт болар,
Сол кезде жолығып кет келсе шамам.

* * *

Үстіне Байтас киді ұзын койлек,
Басына шалы орады көлегейлеп.
Коленке таяқ бойы ұзарғанда,
Жөнелді қап арқалап сайды өрлеп.
Жеңгесі о да бірге ере шықты,
Сай-қырдан жинап тезек тере шықты.
Көрініс беріп мойны ұзақ жерден,
Мерзімді жерге оралып келіп бүқты.
Айтылған уақытында Нәкөш келді,
Ағызды жылап, зарлап көзден селді.
Байтастың жеңгесімен Мәкітай қыз,
Көз қылып қырдан барып тезек терді.
Отырып Нәкөш, Дөркеш қатар жылап,
Домалап бұршак-бұршак жас тамшылап.
Көңілі Байтастың да босап кетіп,
Ғұрыпқа қарғыс айтты жыламсырап.
Булығып сөйлесе алмай сағат жарым,
Көре боп айтыса, алмай іштің зарын.
Сүйісті, күшақтасты, ажырасты,
Әр жағы отыруға жері тарын.
Нәкөштің жас жүрегін кернеп жалын,
Буынын дірілдетіп кетірді өлін.
Көгілдір кең дүние мұнарланып,
Озінің біле алмады не болғанын.

Байтастың алқымында тірелген бір,
Тынысын зат тұрғандай тарылтып тұр.
Аяғын тәлтіректеп зорға басып,
Қиялы қайда екенін жаңылтып тұр.
Кетісті қимай-қимай екі ғашық,
Сенделіп түнерумен қырдан асып.
Қиырсыз шетсіз ойдың түнегінде,
Қош жаным, қош аман бол, қош-қоштасы...

* * *

Қараңғы коктің жүзін бұлт басқан,
Түнерген қабақ түйіп жер мен аспан.
Кезінде кешкі мезгіл абыр-сабыр,
Жөнелген жолаушылар қырдан асқан.
Күрсініп іштегі оттың лебін құсып,
Есіне өмір, өлім қатар түсіп.
Түнеріп бір түнекте Нәкош келед,
Жылаумен беті, козі бірдей ісіп.
Мең-зең боп, ың-шың етіп құлақ шулап,
Тынымсыз төсін ұрып жүрек тулап.
“Өңім бе, түсім бе” деп ыңырсыды,
Манағы таяқ табы кеткен құлап.
Кеткендер нағашыға Нәкошті алып,
Бір жылдай богемекші алып барып.
Теңдікке зорлық еткен ата-анаға,
Ренжіп келе жатыр жабырқанып.
Ата-ана кондірем деп көп алдаған,
Қаншама алдаса да қыз болмаған.
“Байтастан басқа кеңес айтпаңыздар,

Басқа сөз ем болмайды” деген маған.
Осыған әке-шеше назаланып,
Шыдамай ашу буып күйіп-жанып.
Шешесі шапалақпен жаққа тартып,
Әкесі ақ таяқпен қалды салып.
Жарқ етіп қоздің оты бас дуылдап,
Есі ауып етнесінен жатты талып.
Талықсып жатсадағы тағы да ұрып,
Тастады торге сүйреп алып барып.
Жегілген осы кезде қос ат келіп,
Жонелді Нәкошті алып жортып, желіп.
Қосымбек ат айдаушы алдындағы,
Барады қыз шешесі қасына еріп.
Шапқыншы кеткен бір күн бұрын,
Айтуға алдын-ала істің түрін.
Жаңқабай бұрын барып баяндаған,
Мейманның келе жатқан барлық сырын.

* * *

Дөркештен хат алып бір келді бала,
Болмасын Байтас, депті, көңілің ала.
Қосымбек апамменен қос ат жегіп,
Нәкошті алып кетті кеше ғана.
Ой жорып жиналған жұрт ақылдасып,
Нәкоштің боғет жасау көңілін басып.
Ұйғарды нағашыға жіберуді,
Создерін бір-бірінің мақұлдасып.
Жіберсе Бердігүлға күні бүгін,
Сияқты боғетке кез болатұғын.

Қаймықты бұл арасын өзіңізден,
“Тендікті жөн табар” деп алатұғын.
Қаратып қара жерге сізді әлі де,
Соттатпақ Бердігүлға кек әпермек.
Ат мініп, шапан киіп олжаласқан,
Досыңыз осы ақылда бірге Әлібек.

* * *

Тұра алмай орынынан Байтас енді,
Дәл Нәкош сияқталған елес қорді.
Дуылдап тас төбесі маңдай күйіп,
Денеден тамшылатты аққан терді.
Ыңда-шың, айқай-қиқу, құлақта шу,
Көргендей болып отыр біреулерді.
Ес жиды, қағаз бенен қалам алды,
Сөйлеуге қиялына ерік берді.
Он бір ай нағашыда Нәкош жатып,
Кеткендей болды суға мүлде батып.
Байтас та әлі күнге жіберген жоқ,
Түнерген ой толқынын бытыратып.
Сол кезде сот түзеліп, бұзық кетіп,
Ескінің қалдықтарын тітіретіп.
Құтылып бұрмалаудан әділ заң да,
Өзінің күшіне еніп алған бекіп.
Сүйтсе де бұғып жүрген арамтамақ,
Әлі де іс жүргізед оңашалап.
Қызығып өрім талдай сұлу қызға,
Коз сатып талайлар жүр тамашалап.
Нәкошті сол бір кезде Қабен көріп,

Әртүрлі зар-мұңына көңіл бөліп,
Мән-жәйді ол жақтағы тегіс айтып,
Байтасқа берді хабар хат жіберіп.
Нәкоштің не болары белгісіз тұр,
Қайғымен қалып отыр сүлдері құр.
Өкпесі демігеді ауық-ауық,
Денесін билей алмай таяқпен жүр.
Ыңырсып кейде зарлы өлең де айтад,
Ішінде сол өлеңнің өлімді айтад.
Кей кезде сөйлеуіне күші келмей,
Мең-зең боп отырады басты шайқап.
Хауіпті денсаулығы өте жаман,
Белгісіз өмір сүріп қалуы аман.
Жазуға өз қолынан күші келмей,
Жаздырған айтып мынау хаты маған.
Көп сәлем Байтас жанға жүдемесін,
Ой ойлап қамықпасын жүре берсін.
Мен үшін өміріне зиян тауып,
Қайғысы одан сайын үдемесін.
Тегінде ұзақ болмас менің өмірім,
Таялып тұрғандай-ақ маған өлім.
Кетеді қоз қарайып, бас айналып,
Сонер-ақ қасіретпен жастық гүлім.
Байтастың оқып Нәкөш жазған хатын,
Коргендей болды дүние рахатын.
Тезірек хатты салып қалтасына,
Шақырды нағашысын атап атын.
Бір қарап нағашыға салқын қозбен,
Кекесін жымың қағып кенет тезден.
Білмедің бұл күнгеше біздің халді,

Жәйін жоқ саулығымды байқап сезген.
Омірден енді маған өлім жақын,
Шеңгелі сүм ажалдың келу жақын.
Құдай ма, өзірейіл ме, сендер ме,
Әйтеуір жас жанымды беру жақын.
Жар емес, күтетінім енді ажал,
Ажалға ұсындындар ылғи тажал.
Олейін өз үйімнің төсегінде
Қинамай жанымды енді апарып сал.
Қыз туса сендер үшін зат қой олі,
Сансыз жыл батып келген у шеңгелі.
Сол батқан у тырнақтың міне бүгін,
Зардабы өлімге айдап тұрған мені.
Мен жоқпын Бердіқұлға, Байтасқа да,
Алады құшағына ажал ғана.
Бүгіннен бастап алып жөнеліндер,
Омірмен қоштасайын үйге бара.
Алдында ажалымның ая мені,
Ойлама енді бөтен әлде нені.
Анамның көкірегін бір иіскеп,
Кетейін талақ етіп дүниені.
Дәркештей бір көрейін бауырымды,
Корейін туған жер, су, ауылымды.
О, бұзық қан ішерлер, жетер енді,
Түнертпе қара бұлтпен дауылыңды.
Қойындар енді ерегіс шайқасуды,
Ескілік жолды көксеп айқасуды.
Алдында жан тәсілім бір корейін,
Шын сүйген ғашық жарым Байтасымды.
Келгенде осы сөзге талып кетті,

Талып кетті, іш күйіп жанып кетті.
Бір талып, бір ес кіріп жатқанында,
Нәкөшті ауылына алып кетті.
Күн жарым жолда жүріп алып барды,
Күңіреніп шықты ана даусы зарлы.
Әкесі сай-сүйегі босаса да
Отыр тек қабақ түйіп түсі ызғарлы.

1968 жыл.

БАЙНАЗАР
(Поэмадан үзінді)

Колчактың командирі Шля Егор,
Аузынан көбік атқан кеудесі өр.
Табына жарлы, жалшы сондай қаған,
Жауыздық, зұлымдыққа өте шебер.
Өзі бай, жер қожасы маңайының,
Кедейдің қанын сорған талайының.
Таяқтан басы-көзі қан боп жүрген,
Үйіне жалшы болған малайының.
Вдовин Алексей мен Иван деген,
Сыбайлас олар да бай Шляменен.
Алексей Анненковтың командирі,
Оның да жауыздығы түпсіз терең.
Мұқаш бай, Жыртық оның шабарманы,
Вдовин Шлямен бірге жаны.
Бірі іштен, бірі тыстан Мұқаш, Жыртық,
Табына езілген тап қарсы қаны.
Жүреді Жыртық болып екі жақты,

Езеді ішке кіріп кедей тапты.
Білдірмей ізі-түзін жүрді біраз,
Байлардың жеңуін ол көксеп бақты.
Байназар жалшысы еді Шल्याның,
Шлья төкті оның жастай қанын.
Қинады айуандық жазаменен,
Еліңнің айтпадың деп партизанын.
Байназар партизандар тілшісі еді,
Байлардың сырын айтар тыңшысы еді
Жас жігіт қасына ерген әр уақытта,
Партизан ол Ержанов Жылқышы еді.
Байназар гармоншы еді сондай күшті,
Жүретін гармонь ойнап бақылап істі.
Күнделік болып жатқан оқиғаны,
Баяндап беретұғын түсінікті.
Шлья Байназарға бір күн кеште,
- Беремін, - деді, - бір іс болсын есте.
Байқай жүр кім бар, кім жоқ ауылында,
Айтып кел соны маған ертең түсте.
Большевик әрбір жерде дегендер бар,
Осыдан тағайынды әкел хабар.
Оларды күні бұрын құрту керек,
Күш керек, қару керек қарсы шабар.
Сайында Бағанаты дейді олар,
Естіген осы жағдай анық болар.
Ауылына айт: жолатпасын, ұстай берсін,
Құртуға қоссын ақыл, айла табар.
Хабарға жайсыз шыққан елең етіп,
“Жарайды” деді дағы қалды кетіп.
Орнынан басқа жерге қозғалтуға,

Тобына партизандар келді жетіп.
Оң қолын көтерді де Шишкинге ол:
- Бұл жолғы алып келген хабарым мол,
Қарулы дайындалған 80 кісі.
Құралып жан-жағынан келіп жатыр,
Екі жүз болатындай ерген кісі.
Шлья осы жатқан жайды білген,
Жасырын бұл сыр қалай шықты кімнен.
Меніңше Мұқаш айтты деп үйғарам,
Сезікті әрқашан жер Жыртық жүрген.
Берілді Байназарға көп тапсырыс:
Алдымен сыр алдырмау өте дұрыс.
Ел жата гармонь ал да көшеге шық,
Көрінбей Шльяға іске кіріс.
Жиналып қыз-бозбала көше бойла,
Іс бақыла, таңға дейін гармонь ойна.
Жылқышы, диірмен жағын байқа қарап,
Кім жүріп, кім қойғанын сол маңайда.
Байназар Жылқышымен мақұл десті,
Сіз айтқан орындалада ақыл десті.
Жастарға бұл айтылған тосып бөгет,
Ыңғайсыз Байназарға күй кездесті.
Байназар кетісімен Жыртық барып,
Сөйлепті Шльяға ашуланып.
- Жіберіп “шпионды” қиратыпсын,
Нағыз жау кетеді ол ойран салып.
Соколов, Голодов, Шишкин партизандар,
Жолында большевиктер жан қиярлар.
Інісі Байназардың Әлімгерей,
Сенуге енді оларға қандай мән бар?...

Қалада Байназарды табу керек,
Апарып абақтыға жабу керек.
Сезікті анық дұшпан бізге олар,
Кескілеп қылышпенен шабу керек.
Шлья естіп оны болды үрей,
Үрейлеп Жыртық мүлде кетті үдей.
Кездессе-ақ Байназарды өлтіруге,
Осылай сөз қорытты екі дүлей.
Қалтырап ашуланды дір-дір етіп,
Жүрді ол ерсіл-қарсыл гүр-гүр етіп.
Ашуын самогонмен басу үшін,
Ішіп, мас боп құлады есі кетіп.
Жыртық та сол мастықпен қалды жатып,
Қорылдап мол ұйқыға кетті батып.
Келесі күні сәске түсте ғана,
Орнынан екі дүлей тұрды атып.
Ол үйде Жыртық қалды жасырынып,
Шлья жөнелді бір қақырынып.
Өмірмен қатты бұйрық қысаң түрде,
Қалды енді Байназар да шақырылып.
Жай-жағдай Жылқышыдан қанып жүріп,
Көшеде Байназар жүр сауық құрып.
Таң ата бір үйге кеп жата қалды,
Оятты сағат бірде біреу кіріп.
- Кеңсеге Егор сені шақырады,
Әркімге көбік шашып бақырады.
Әйтеуір тауып кел — деп ақырады,
Марьевканың ортасында үлкен сарай.
Бөгелмей келсін депті солай қарай,
Жиналған халықтардың шет жағында.

Шля сарайды жүр жанапалай,
Байназар күдіктене барып қалды.
Шля бір-ақ шауып басын алды,
Болшектеп бар денесін азаппенен.
Олтірді жазалады қыршын жанды,
Көрмеген халық мұндай қиянатты.
Олгені Байназардың қатты батты,
Жанашыр жақындарды жылап келген.
Шля маңайлатпай мылтық атты,
Олтіріп Байназарды мініп атқа.
Шля кетті шауып батыс жаққа,
Аыулына Бағанаты ойран салды.
Тұрғызды әйелдерді қойып сапқа,
Шешесі Зылиқаны Байназардың.
Сабады шаштан сүйреп Шля сұм,
Біріне-бірін соғып жазалады.
Қалипа, Бәдишадай қарындасын,
- Ағасы Байназардың Піштенді тап.
Қайда олар, бізге қарсы дұшпанды тап?!
Таппасаң қырыласың шеттеріңнен.
Олтірген өз қолымнан Байназарға ұқсап,
“Не дейді?” - деп Зылиқа кетті талып.
Әйелдер дауыстады айғай салып,
- Қырып кет осы арада бәрімізді.
Қайтеміз артында біз тірі қалып,
Қырамын таппасаңдар ерлерінді.
Корсетем көз алдыға көрлерінді,
Аяған, Қалғыма, Піштен, Әлімгерей.
Айтыңдар тығып қойған жерлерінді.

* * *

Шишкиндер Сарбұлаққа бармай қалды,
Ол жағы тап беруден шалғайланды.
Жіберіп барлаушыны солай қарай,
Бекініс Алуадан орын алды.
Кричин о да жүрді осы бетке,
Есілде қалың тоғай тұрған көпке.
Марьвканың онтүстік сай астында,
Күнбатыс Алуаның саясында.
Шишкиндер Байназардан алды хабар,
Тұрғанда жарқабақтың жағасында.
- Кім алар ердің кегін? – деді Шишкин,
Ызғармен түсі қатаң беріп кескін.
Соколов Федор тұрып көтерді қол,
- Тайсалар жаудан қорқып мен емеспін
- Рұқсат бер? – Шляяны өлтіремін.
Орнына бұйрығыңды келтіремін,
Жалғыз оқ сертім болсын өлтірмесем.
Кеудемнен ашық тұрған мына менің,
Менімен бірге жүрсін Аяғанов.
Келейік Шляяның жанын алып.
Рұқсат берді Шишкин оған дағы,
- Аяғанның кегін қайтар бірге барып.
Тымақтың Әлімгерей бауын байлап,
Күпісін беліне орап кетісті айдап.
Түс мезгіл жансыз барып шолып келді,
Отырған Шляяның орнын жайлап.
- Шляя кенсесінде отыр жалғыз,
Ақырын байқап келдім білдірмей із.

Тасаға байладық та атымызды,
Түп-тура кенсесіне кірейік біз.
Тасаға ат байланды мылтық дайын,
Кенсеге кіре Федор салды айғайын.
“Қан төккіш міне сенің сыбағаң” деп,
Атып сап Шляның тапты жайын.
Бір атып Шляның жанын алды,
Жинады столдағы қағаздарды.
Жоба-жоспар қартасын алып қоса,
Олардың сырларымен хабарланды.

1968 жыл.

Кеңес Одағының 50 жылдығына арнап Уәкең қысқаша “Ұлы бетбұрыс кезеңі” атты тарихи естелік жазған, соны осы жинаққа кіргізіп отырмыз.

ҰЛЫ БЕТБҰРЫС КЕЗЕҢІ

(естелік)

Қазақ даласына Совет өкіметінің қалай орнанын, кемеңгер партиямыздың дана шешімдері мен нұсқаулары қазақ халқының өміріне қандай соны да жарқын өзгерістер әкелгенін мен тарих оқулығының беттерінен оқып білгем жоқ. Мен құралпы аға буын үшін жиырмамыншы-отызыншы жылдардың аралығында сәулетті болашақ үшін қазақ ауылдарында жүргізілген тап күресі – өз көзімізбен көріп, басымыздан өткерген жайлар.

СССР-дің жарты ғасырлық мерекесі қарсаңында тартысқа толы қызу күрес кезеңдері адамды ерекше толғантады. Сондықтан, мен қазіргі жас буынға сол бір жылдарда өзім куәгер болған азды көпті жайларды баяндап бергім келеді.

* * *

... 1916 жылдың көктемі еді. Бір елден өрбіген Меңдеке-Сырымбет атты екі атаның баласы сол елге “кірме” есептелетін аз үйлі Уанас пен Қожа руларының ғасырға жуық жаз жайлап, қыс қыстаған қонысы – Бестобені тартып алмаққа

бекінеді. Бұл даудың аяғы үлкен төбелеске соқты.

Ұрыс жекпе-жектен басталды. Мендеке мен Сырымбет жағынан зор денелі, мойыны қияпетсіз ұзын, кең жоталы Ыбырай деген шықты. Ел ішінде дәу Ыбырай аталатын осы кісі жүздеп жылқы, мындап қой айдаған мыңғырған бай еді.

Төбелеске аз қолмен келген Уанас, Қожа жағынан тұлғасы дәу Ыбырайдан бірде кем емес Таласбай палуан шықты. Таласбай алғаш беттескен сәтте-ақ шоқпарымен дәу Ыбырайдың сойылын қолынан ұшырып жіберді де, тізесінен бір ұрып жерге жалп еткізді. Бірақ көптің аты көп емес пе, батыры жеңілгенмен, Мендеке, Сырымбет қолы үркердей азғана кісілі Уанас, Қожаны соққыға жықты. Сөйтіп, озбыр күштің көмегімен ботен рудың ғасыр бойғы ежелгі қонысын тартып алды.

Өзге жұртқа бірігіп тізесін батырып жүрген жуан ата Мендеке мен Сырымбеттің өз іші де тату емес еді. Мендекенің алпауыт байы тесік Ыбырай (халық қойған аты) мен Сырымбеттің шынжыр төсі дәу Ыбырай (жоғарыда аталған) бір шеті қазір Кокшетау, екінші шеті Солтүстік Қазақстан облысына қарайтын ұзындығы 70-80, колденеңі 40-50 километр келетін кең алқапқа сия алмайды. Жері кең, шөбі шүйгін де мол жайлау екі мырзаға артығымен жетер еді, бірақ өзара ымыраға келуге іштарлық пен бақастық жібермейді. Ақыры сырт жұртқа бірігіп зорлық

көрсететін екі жуан өзара үлкен дауға кірісіп, оның аяғы үлкен төбелеске соға жаздайды. Екі жақтан қол жиысып, тұрысатын жерлеріне дейін айтысады. Тек ара ағайынның әупірімімен ғана қантөгіс болдырылмайды.

* * *

Арада он жыл уақыт өтті. 1927 жылдың көктемінде Көкшетау уездік партия комитеті мен атқару комитеті Совет өкіметінің Декретіне сай жер бөлу науқанын жүргізу үшін біздің жаққа коммунист Ысқақ Мықтыбаевты жіберді. Оған хатшы болуға болыстық комсомол ұйымынан мені белгіледі.

Жер бөлу баяғыда екі Ыбырай сия алмаған кең жайлаудан басталды. Жауапты науқанның дұрыс жүргізілуін бақылау сол кездегі болыстық милицияның бастығы Мөлгаждар Әуелбековке тапсырылды (Ол кісі 40 жылдай заң қызметкері болып істеп, 1960 жылдан пенсияға шықты. Қазір Бескөл селосында тұрады).

Жер бөлу қай жерде болмасын ұйымдасқан түрде өтті. Науқанды басқарған коммунистер өз істеріне асқан жауапкершілікпен қарап, бұрыннан жердің молын әрі шұрайлысын иемденіп келген байларға тойтарыс бере білді. Тек 1-ші ауылға шыққан Қ.Шаймерденов қана партияның жер жөніндегі әділ саясатын бұрмалаушылыққа салды. Ол өзі дәулетті атаның ба-

ласы еді, кезінде орысша гимназияда оқыған. Ол жер бөлуге барған ауылдарында ет жеп, қымыз ішіп, бозбалалық құрады да, өзінің негізгі жұмысын “ақсақалдардың” ауқымына береді. Соның нәтижесінде жердің жақсысын байлар иемденіп, жалшы-жақыбайлар үлесі толымсыз болады. Бұл қылығы кейін әшкерленді де, Қ.Шәймерденов орнынан босатылды. І-ші ауылға Ы.Мықтыбаев пен М.Әуелбеков қайта барып, жер бөлуді екінші рет жүргізді. Әрине, бұл жолы әділдік жеңіп, жалшы – жақыбайлар өз үлесін толық алды.

Сол науқан үстінде түсінген адамға көп жайды ашып беретін мынадай бір қызықты жәй болды. Жоғарыда аты аталған тесік Ыбырай атты байдың патша тұсында 30 жыл ауылнайлық құрған Жұсып деген баласы барды. Жұсып – мыңғырған бай. Малын жайып, өсіру үшін жер керек. Ал жаңа өкімет жердің көбін жалшы-жақыбайларға берді. Өз жайын алдын-ала ойлаған Жұсып Уәли деген кедейге сәлем айтады:

- Менен 4 жылқы, 2 сиыр, 10 қой алсын да жер бөлістен көбірек қамтып, маған ауыссын. Басқа кедейлерді де азғырсын, құр қалдырмаспын, - дейді. Уәли де, оның әкесі Саутай да өмір бойы Жұсыптың есігінде жалшылықта болған екен. Теңдік заман келгенін түсінген Уәли өзіне тізесі батқан байға өлеңмен жауап қайырыпты:

- Жұсыпқа сәлем айта бар,
Мен малына қызықпан.
Күтпейміз біз жақсылық
Сен сияқты бұзықтан.
Баяғы күнің енді жоқ
Екпініңмен үй жыққан.
Ленин жолын нық ұстар
Біздер кедей шыныққан.
Партияның ұранын
Дүние, малға сатпаймыз!
Ұлы көсем сепімін
Бұлжытпастан ақтаймыз!

Сөйтіп, партия саясатын айналып отпек болған айлакер байдың аузына күм құяды және оның зымияндығын әшкерелеп берді. Жалпы жер бөліс науқаны Совет өкіметінің шын халық жанашыры екенін паш етті, қазақ кедейлерінің таптық сезімін оятып, ой-санасын қотерді.

* * *

Арада ел өміріне жаңа бет бұрыс әкелген түрлі уақиғаларға, соны жаңалықтарға толы тағы бір жыл өтті. Сол жылы партия мен өкіметтің байкулактарды тап ретінде аластау керектігі жайлы жаңа қаулысы келді дүниеге. Былтыр жерден аласталған бай енді елден аласталатын болды.

Осы саяси науқанның маңызы мен мақсатын түсіндіру үшін жер-жерге арнаулы партия, совет

қызметкерлері шықты. Тартыс пен айтысқа толы қызу жиналыстар өткізілді. Сондай жиналыстардың бірінде ата-бабасынан бері Сабыр бай мен соның әкелерінің есігінде жалшылықпен күн кешіп, озбыр байдан талай теперіш көрген Бөкейұлы Маңқаш деген кедей сөз сөйлеп былай деді:

“Совет өкіметі әперген теңдіктің арқасында ішер ас, киер киімге жарыдым. Байлардан біз қанша зорлық пен қорлық көрдік. Олар біздің ашыққанымыздан итінің ашыққанын аяныш корді. Бір өгізінің қатеден сынған мүйізі үшін Сабыр бай мені қол аяғымды байлап үш күн бойы аштан-аш сыз орға тастады. Бұдан артық қорлық бола ма адам үшін?!”

Уа, мен сияқты кедей, жалшылар! Мен кәмпескеге қуансам, осы байлардың мал-мүлкін алып байиды екенмін деп қуанбаймын. Мен олардың арамьздан мәңгілікке аласталатынына қуанамын. Енді біз еш алаңсыз өзіміздің бақытты болашағымыз үшін еңбектенетін боламыз!”

Маңқаш кедейдің осы сөзі сол кездегі барша ауыл кедейлерінің ой-тілегін білдірген еді.

Бұл науқанға мен де қатыстым. Өз басым Кемелдің Нұртазасы деген байды кәмпескелеуге барған едім. Осы мақсатпен жолға шыққанымызда аудандық жалшылар комитетінің қызметкері әнші Қажымұрат Нурмақанов маған:

- Нұртаза байға кәмпескелей барғанымызды олеңмен естіртейік, - деді. Байдың ауылына

жетіп, қаннен қаперсыз отырған Нұртазаның үйіне кіріп барғанымда мен былай деп өлеңдетіп қоя бердім:

Болып тұрған кезінде
Нұртазасы Кемелдің
Нашарларды сорлатып,
Кедейді жеп кенелдің.
Көкшолагын талайдың
Сұраусыз айдап жөнелдің.
Жалшылардың ақысын
Жүзің жанбай жеп едің.
Болыс болған кезінде,
Халықты зорлап пара алған,
Бір жексұрын сен едің.
Міне бүгін жегенің
Құсатұғын күн келді.
Күлің көкке озбыр бай,
Ұшатұғын күн келді.
Қанға толмас ауызды,
Құртсын деген жауызды,
Партиядан үн келді!

Сөйтіп, бір кезде осы Нұртазаның жылқысын баққан жалшысы Қажымұрат Нұрмақанов бастаған, әділ жазаны іске асырушы біздің топ содыр байдың мал-мүлкін халық пайдасына алып, өзін ауылдан аластады. Мұндай қараң күн кедейдің қаны мен терін сорып байыған талай мырзалар-

дың басына туды. Қазақ жерінде Коммунистік партияның дана шешімдері осылай жүзеге асты.

* * *

Бүгін ойлап отырсақ, сол кездегі байлардың бірнеше үйінің жиған малы қазіргі шағын ғана бір шаруашылықтың байлығына жетпейді екен. Бір кезде дәу Ыбырай мен тесік Ыбырай сия алмаған ең далада төрт-бес колхоз, совхоз орнаған. Олар мындап мал айдап, миллион пұттан астық өсіреді. Екі байдың пейілі сиыспаған жерде қазақ, орыс, татар, украин, неміс, беларус ұл-қыздары тату тұрмыс құрып, бір тілекпен еңбек етуде. Жаңадан сәнді үйлер, алып құрылыстар бой көтерді. Әр ауылда мәдениет сарайлары, мектептер, клубтар пайда болды. Халықтың тұрмысы, мәдениеті, ой-санасы өсті. Бұл — 50 жыл бақытты өмір сүрген барлық қазақ жерінде. Совет еліне тән құбылыс. Осының бәрі дана Коммунистік партиясының, жер бетіндегі ең әділ өкімет — Совет өкіметінің, ерен халықтың ерлік, ерен еңбегінің жемісі.

* * *

Уахит Темірбеков кезінде естелік те жазған, ел аузындағы асыл әңгімелерді де көп білген адам. Сол жазғандарының кейбірін келтіріп отырмыз:

ДОСБОЛ ШЕШЕН

Досбол шешен қартайған кезінде Наурызбай болыстың үйіне барады. Наурызбайдың үйі лық толған кісі екен. Сол кездің өзінше жақсы-жайсандары жиналған.

Наурызбай өзі болыс, өзі бай, жасы 25-тер шамасында әркімді іліп-қағып отырады. Бір кезде Досболға қарап: “Мына кісінің елінің қары әлі кетпеген екен” - дейді. Онысы үстіндегі жаман тон мен басындағы тері тымақты сықақ қылғаны.

Біраздан кейін тағы Досболға қарап: “Мына кісінің үстінде дүниенің байлығы бар шығар” дейді. Онысы жаман тонның ішінде биті көп дегені.

Сонда Досбол былай депті:

Алма мойын көк үйрек,
Көлден көлге қонысар.
Кедейден шыққан би болса,
Нашарды жақтап болысар.
Ұлыменен қызы сай,
Құда сондай болысар.
Азаматы сай, аты сай,
Көшсе нуға жетеді.
Азаматы сай, шоты сай,
Қазса суға жетеді.
Көлде жүрген қоңыр қаз,
Шөл қадірін не білсін.

Шөлде тұрған дуадақ,
Көл қадірін не білсін.
Атасы билік қылмаған
Апасы үлгі көрмеген,
Сен сияқты зөнталақ,
Ел қадірін не білсін.
Уа, кәрілік саған не жаздым,
Айғыр едім ат қылдың.
Жалғыздық саған не жаздым,
Сөйлер сөзге мәрт қылдың.
Жарлылық саған не жаздым,
Ағайынға жат қылдың.
Ағайынның азғанын,
Өзі білмес, жат білер.
Қапталдықтың батқанын,
Иесі білмес, ат білер.
Қас патшаның азғанын,
Қырағы көзді халық білер.
Менің кім екенім білмессең,
Анау төрде отырған,
Жанторы деген қарт білер.

- дегенде Наурызбай ұшып тұра келіп:

- Сіз Досбол екенсіз ғой, кешіріңіз, - деп үстіне жанат ішігін жаба бергенде, ішікті серпіп тастап, "мен ат мініп, тон кигелі жүргенім жоқ" - деп тағы тақпақтап кетеді.

- Мен сияқты тері тон,
Бір ғана мен емеспін.

Бұдан былай кездесе,
Солармен де кеңескің.
Атапың болма баласы,
Халықтың бол данасы,

- деген екен.

1960 жыл.

ЖАНБАТЫРДЫҢ СӨЗІ

Халық арасында не бір сөз жүйріктері бар. Солардың біразы біздің оңірде де өткен. Қазір сол шешендердің сөздері ел аузында. Қастерлеп айтып жүреді. Мына мен төменде ұсынғалы отырған толғаудың иесі Жанбатыр деген кісі. Ол орта шаруалы адам болған. Кезінде байларды мінеп көп өлең шығарған. Өлеңдерінен революциядан бұрынғы өмірдің ащы зарына қамығу, өткеннен түніліп, алдағы ұрпаққа өсиет айту сарыны сезіледі. Ел аузындағы осы өлеңдерді жазып алып, Жанбатырды көрген Әбдірашит қарияға көрсеттім. Ол кісі дұрыстығын құптады.

* * *

Басыңнан бағың тайса бағаң келмес,
Себепсіз араз болып ағаң келмес.
Араз боп өз-өзіңнен қырын қарап
Ішіңнен шықсадағы балаң келмес.

Бақыт құсы басыңнан тайған күні,
Шын сөзіңді айтуға шамаң келмес.
Араз боп бірге туған інің келмес,
Тойға барсаң бұрынғыдай күйің келмес.
Бағың тоқтап маңдайың қайтқан күні,
Бұлбұл құстай сайраған тілің келмес.
Байқасақ жақсы қандай, жаман қандай,
Жанды қинап, жүрмеген шабан қандай.
Абыройың басыңда тұрған күні
Күйкі сөзің көрінер шекер, балдай.

1967 жыл.

УАХИТ АҒА

Бұл кісіні бала кезімнен білемін. Туыстығы болғандықтан жиі-жиі араласып-құраласып, қыр-қыншы жалдардың соңында, елуінші жылдардың басында қала маңында бір жерде тұрдық. Жақын туыс болғанымен ол кісіні қайдан келгенін, қандай адам екенін білмедім, әйтеуір есейген қырықтың қырқасынан асқан адам болатын. Сол кездерде осы күнгі Шәрбан жеңгемізбен қосылып, шаңырақ көтереді. Ол апамыз көзі тірі, әлі бар. Ермек деген ұл және қыздар туып, немере мен шөбере сүйіп тамырын тереңге жайды. Уәкең болса сексенінші жылдардың басында дүние салды.

Уахит ағаның қыры-сырын көзінің тірісі кезінде біле бермеппіз. Бізге мәлім жері ақындығы, әңгімешілдігі, шежірешілдігі. Жас кезімізде әңгімедүкенін ашып, аңыз-ертегілерді, батырлар-жырларын көп айтушы еді. Әсіресе, кешегі өткен Біржан, Ақан, Шал ақын, Мағжан, Үкілі Ыбырай сияқты атақты ақын-жырауларымызды еске алып, өлеңдерін жатқа айтып отыратын. Әсіресе соңғы екеуін Кеңес үкіметі орнағаннан кейін нақақтан күйдіріп, жазықсыз жазаланғанын мұңая айтатын, сол абзал арыстарды аңсайтын. Оның да себебі бар. Сол қайғы-қасіретті Уахит аға өз басынан да кешіріпті.

Ол жағдайды Уәкең өз аузынан шығармады. Тек бүгін архивтерін ақтарып отырғанда ғана оның 18 жыл түрме мен айдауда жүргенін байқап білдік. Ол жөнінде оралғанда шығарған мына өлеңінен байқауға болады:

Он сегіз жыл, сегіз ай шетте жүрдім,
Шашылған суменен нан, тұзды тердім.
Үлкен кіші, кәрі жас, еркек әйел,
Иіліп кішілікпен сәлем бердім.

Ол қалай сотталған? Бұл да “Әкеден қалған мұра” сияқты. Уәкеңнің әкесі - Әбжан деген кісі сол кездегі сауаттылардың бірі, белсенді адам болған. Қоғамдық жұмыстарға араласып, ауыл старшыны, ауыл молдасы атанып, одан кейін уездік жер басқармасына мүшелікке өтеді. Жаңа құрылған Окімет Әбжан Темірбекұлын халық жауы, Қытай

агенттерімен қосылып, Алашордашылармен бірігіп Кеңес үкіметін құлатпақшы болған деп айыптап, айдап апарып түрмеге жабады. Содан Әбжан ата із-түзсіз жоқ болады, хабарсыз кетеді. Қайда өлгені, қалай жазаланғаны да белгісіз осы күнге дейін.

Уахит аға әкесі кеткенде ер-азамат болған жігіт еді. Кеңес үкіметін құру, байды кәмпескелеу, кулактармен күресу, елді ұжымдастыру науқандарына белсене араласқан адам. Үйткені ол алғашқы сауатын ауыл молдарынан алса, кейін 7 жылдық білім алады. Комсомол, партия қатарына өтеді. Ауылшаруашылығы техникумын (Ақжардағы) бітіріп, білімін жоғарылатады. Сөйтіп, аудандық комсомол ұйымдарында, милиция бөлімдерінде басшы қызметтерді атқарады.

Бірақ, “әкесі жаудың-баласы жау” деген жаламен, алашорданы жақтаған адамның баласы деп Уахит ағаны да айдап өкетеді, соттайды. Содан құдай қолдап аман-сау, 18 жыл жүріп қырқыншы жылдардың аяғында оралады. Тек 1989 жылы ғана заңсыз қуғындалған адам ретінде ақталады. Заңсыз қуғындалғандардың тізімі “Ленинское знамя” (қантар айы 1992 жылы) газетінде жарияланды. Түрмеден шыққаннан кейінгі өмірі Уәкеңнің туған-туысқандарының арасында өтті. Тағы да Кеңес үкіметінің жұмысына араласты. Бірақ негізгі ісі-ақындық болып, өлең жазды, талай облыстық айтыстарға қатысты, жүлделер алды. Уахит ағаның ақындық онері түрмеден кейін ғана ашылды деуге болмайды. Оның тар қапас-

тағы көңіл-күйі қағаз бетіне түспеді деп айта алмаймыз. Өкінішке орай, сол жазғандары кезінде біздің қолымызға тимеді, жеке архивінде де табылмады. Бірақ дүниелері баршылық. Тек Уахит ағаның айтқандарын не көңілге тоқымадық, не қағаз бетіне түсіре алмадық. Өкініштісі осы ғана.


Уахит ағаның өз кіндігінен Сабира, Күләш атты екі қыз және Ермек атты бір ұл туды. Бұл балалары ер жетіп, шаңырақ көтеріп, балалы-шағалы, немерелі болып отыр. Олардың бірі дәрігер, бірі ауылшаруашылық мамандары. Уәкең жалғыз ұлы Ермек туғанда мынадай өлең шығарған екен:


Қуаныш қырық алтыда көріп тұрған,
Шаттыққа көңілімді бөліп тұрған.
Мінекей жабырқатып сол көңілді,
Жоқшылық үңіліп кеп төніп тұрған.
Ақырда өтпеген соң адам ермек,
Болды енді қағазбенен, қалам ермек.
“Ермек” деп сол себепті қойдым атын,
Болған соң жаңа туған балам Ермек.


Әрине, “жоқшылық жомарт елдің қолын байлайды” деген. Алғашқы қызығы – ұлы Ермек туып жатқанда менің қуанышымды бөліспеді деп осы өлеңінде ағайын туыстарына ренжіс білдіреді ақын.


Уахит ағаның және оған жақын туыстардың қай аталардан тарайтындығын өз білгенімше шежірелеп атап өтейін.

Бекен ЫБЫРАЕВ.









Уахит → (Ермек, Күләш, Сабира);
Ермек → (Данияр, Раушан, Мадияр);
Күләш → (Дана, Мейірман, Нариман);
Сабира → (Ербол, Бахыт, Марат, Дулат),
Дулат → Жасұлан;
Уахиттың жолдасы Шәрбан;
Ермектің жолдасы Майра;
Күләштің жолдасы Мейрам;
Сабираның жолдасы Төлеген.

МАЗМҰНЫ:

Айтыскер ақын – Т. Симамбаи, Ғ. Қадірәлі.....3

I. Ақындық жайында

Озіме.....	11
Ақып.....	12
Адам.....	12
Өлең.....	12

II. Қапастағы қойын дәптерден

Тегім.....	14
Айдауда.....	15
Бір оліп, бір тірілдім.....	16
Түркімен бала жігіт дәрігерге.....	17
Тіршілік жалғасы сол қапаста.....	18

III. Еңбек толғаулары

Осіп жатыр еліміз.....	22
Көктем жыры.....	23
Аса жақсы көремін жылқы малын.....	24
Тың өлкем.....	25
Жыр арқауы – алтын дән.....	26
Жалтыр елінде.....	27

IV Отан, туған жер жайында

Туған жер – алтын бесік.....	32
Бақыттымын.....	36
Заман үні.....	36
Алтын аймақ.....	37
Мақтанамын.....	39
Әп шырқалар осындайда.....	40
Асқақтай бер, өлең-жырым.....	42

Туған жер Бөріліде	43
Жастықпен қоштасу.....	44
Налу.....	46
Ел мен жерге.....	48

V. Арнау өлеңдері

Окініш.....	49
Апама.....	50
Бөлеме.....	51
Нұрғалиға қоңіл айту.....	51
Мәкене (Мөлік Ыбырайұлына).....	53
Сырымбет тауы.....	53
Ахметжанға.....	54
Мүғалімім.....	55
Алшаңдай бер (С.Сауытпековке).....	56
Замандасқа сыр.....	57
Республиканың 60 жылдығына арналған толғау өлең.....	59
Қош бол, Қошан аға.....	60
Аталарға.....	62
Мінез.....	63
Мөкошіндегі туыстарға.....	65
Ағалардың шығарып салмасы.....	66

VI. Айтыстары

Темірғали – Уахит.....	68
Той тарқар.....	82
Уахит (Темірғалимен айтысы).....	83
Зияда – Уахит.....	92
Шалқиды жырым (революцияның 50 жылдығына).....	100
Ахметжан – Уахит.....	105
Әшім – Уахит.....	108

VII. Поэмалар, естеліктер

Жаңбырлы түнде (поэмадан үзінді).....	114
Байназар (поэмадан үзінді).....	129
Ұлы бетбұрыс кезеңі (естелік).....	136
Досбол шешен (ел аузынан).....	144
Жанбатырдың сөзі.....	146
Уахит аға. Бекен Ыбыраев.....	147

Әдеби-көркем басылым

УАХИТ ТЕМІРБЕКОВ

Бір өліп, бір тірілдім

(Олеңдер жинағы)

Редакторы *М. Бектемірова*

Суретшісі *Ж. Кәкепұлы*

Техникалық редакторы *С. Бейсенова*

Корректорлары *Г. Әмірешева, Ж. Құжыманова*